



ӨЗЕКТІ

Қарғыннан қапы қалмас үшін


Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдегі су тасқыны жағдайымен екі күн бойы әуеден танысты. Бүгінде аумақтың 60 пайызы қармен жабылған, өзендер қысқы режимде. Бірақ, соған қарамастан, су тасқыны басталды. Жедел штаб жағдайды тәулік бойы бақылауда ұстап отыр. Ал, барлық ұйымдар күшейтілген жұмыс режиміне ауыстырылды.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы облыстың төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Қатпановпен бірге Бұқар жырау, Қарқаралы, Шет және Абай аумақтарындағы Нұра және Шерубай-Нұра өзендерінің арналарын, сондай-ақ, Ақтоғай ауданының төңірегін, Қарағанды шеті мен Федоров су қоймасының жанындағы саяжайлар бойымен өтетін Соқыр өзенінің арнасын аралап көрді.

– Нұра өзенінің арнасын бойлай өте көп су ағады, бұлар негізінен бүйір ағындары. Нұраның жоғарғы ағысының өзінде су ағады, бірақ онша көп емес. Тау етегінде қар жамылғысы тек кей жерлерде ғана бар, көп жағдайда қар еріп үлгерген. Шерубай-Нұра өзенінің жоғарғы ағысының аумағында, Ақтоғай мен Шет өңірлерінің шекараларының түйіскен жерінде қалың қар массиві жатыр. Ауа райы нөлден жоғары болса, жақын күндері белсенді су тасқыны басталуы мүмкін, – деді Мұрат Қатпанов.

Төтенше жағдайлар департаментінің



басшысы жалпы су тасқыны бақылауда екенін баса айтты.

Сондай-ақ, бас құтқарушы жағдай 25 және 26 наурызда күрделене түскенін айтып отыр. Атап айтқанда, Шет ауданының Ақадыр кентінде және Қарағанды қаласының өзінде су тасқыны байқалды.

шілік етеді. Сондай-ақ, қажет болса, суды сору да жүргізіледі. Тұрғындарға сақтық шараларын сақтау ескертіледі. Штаттан тыс жағдайлар туындаған жағдайда дереу жергілікті атқарушы органдарға, оның ішінде әкімдіктер мен ТЖД-ға хабарласу керек, – деді облыс әкімі.

Ал, Төтенше жағдайлар департаментінің хабарлауынша, 29 наурызда өзендерде еріген судың қарқынды ағыны байланысты су деңгейі көтеріліп, кей жерлерде жағадан асып төгілулер байқалады.

Елді мекендердің, атап айтқанда, Ақтоғай ауданының Абай және Құлайғыр ауылдарына еріген су кірген. Бірақ, тұрғын үйлерді су басу фактілері тіркелмеген. Қазір облыстың төтенше жағдайлар департаменті мен жергілікті атқарушы органдар қап төсеу және еріген суды өткізу шараларын жүргізуде.

Сондай-ақ, облыс жолдарында да су тасқыны тіркелді. Оның екеуі республикалық маңызы бар жолдар болса, төртеуі – аудандық маңызы бар жолдар. Ал, біреуі – аудандық маңызы бар жол.

Атап айтқанда, Шет ауданындағы республикалық маңызы бар «Алматы-Екатеринбург» автожолында, Ақсу-Аюлы ауылы ауданында жол бойынан су өтуі тіркелген. Бірақ, көлік қозғалысы бұзылмаған.

Сондай-ақ, Абай ауданы, «Қызылорда – Павлодар» республикалық маңызы бар автомобиль жолының учаскесінде судың толып кетуіне байланысты көліктің барлық түрлері үшін қозғалыс жабылды.

Одан бөлек, Нұра ауданы, облыстық маңызы бар «Қорғалжын-Баршың-Шұбаркөл-Қызылжар» тас жолында су тасқыны тіркелді. Жолаушылар көлігінің қозғалысы тоқтатылған.

Ал, Қарқаралы ауданындағы облыстық маңызы бар «Нұркен-Жаңаөтан» тас жолында еріген судың ағуы нәтижесінде ені 10-15 м, тереңдігі 1,5-2 м жол бөлігі пайда болған. Жол учаскесі жабық.

Су басу қаупі мен еріген судың жиналуы туралы (8-7212) 43-36-36, 43-37-37, 112 телефондарына хабарласуға болады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Екі жағдайда да су даладан келген. Ақадыр кентінде су арық жүйелері арқылы ағып кеткенімен, жекелеген учаскелерді су шайып кеткен жағдайлар болған. 20 техника мен 80 адам жұмылдырылып, жағдай тұрақтандырылған.

Мұрат Қатпанов облыс орталығына су Үштөбе жақтан келіп жатқанын да айтты.

– Еріген қар суының көптігінен суағарлар суды ағызып үлгерме алмады. Салдарынан Кеншілер, Республика, Құрылысшылар даңғылына су жүріп кетуіне әкелді, – дейді Мұрат Қатпанов.

Ермағанбет Қабулаулы облыстық маңызы бар жолдардың жекелеген учаскелерінде де судың асып кету жағдайлары бар екенін айтады.

– Облыстық маңызы бар жолдардың жекелеген учаскелерінде судың асып кету жағдайлары бар. Онда жол ұйымдарының қызметкерлері, ТЖД қызметкерлері кезек-

ДЕНСАУЛЫҚ

Терапевт жолдамасы қажет емес

Дүйсенбі, 1 сәуірден бастап, зақстандықтар бірқатар бейінді мамандарға терапевт жолдамасынсыз жазыла алады. Денсаулық сақтау министрлігінде мәлімдегендей, аталған шара науқастардың уақытын үнемдеуге бағытталған.

Бұған дейін бейінді мамандарға жазылу үшін әуелі терапевтке бару керек, одан кейін қажетті маманның қабылдауын күту керек еді. Бұған қатысты халықтың шағымы да көп болатын.

Енгізілген өзгеріс төтенше жағдайлар мен жаракаттар, соның ішінде офтальмологиялық, оториноларингологиялық жаракаттар кезінде, шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету кезінде қолданылады. Сонымен қатар, дерматовенерологиялық аурулар бойынша қаралу, акушер-гинеколог пен психологтың қабылдауы, онколог пен онкогематологтың қабылдауы үшін терапевт жолдамасы керек емес. Диспансерлік есепте тұрған науқастар кардиологқа, эндокринологқа, офтальмолог, невропатолог пен хирургқа бару үшін сол мамандардың өзін тікелей жазылады. Бұдан бөлек, жастар денсаулық орталықтарындағы мамандардың қабылдауы мен жылжымалы медициналық кешендердің қызметтері және басқа да жылжымалы қызметтер үшін терапевт жолдамасы талап етілмейді.

Министрлік процестерді оңтайландыру нәтижесінде қолданыстағы анықтамалардың 27 түрін қысқарту көзделген, рәсімдердің негізсіз түрлерін алып тастау мақсатында диагностика және емдеу хаттамалары қайта қарастырып жатыр. Пациенттерге ыңғайлы болу үшін жоспарлы емдеуге жатқызуға арналған талдаулардың тізбесі 42 зерттеуге қысқартылып, олардың қолданылу мерзімін 3 айға дейін ұлғайту жоспары бар.

Өз тілшімізден

Әуреке салған әлеуметтік кесел

Қазақстандағы ажырасулардың 40 пайызына құмар ойындарға тәуелділік тікелей себеп. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа баратындардың көпшілігі осы құмар ойынға әуес. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «Лудомания – бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды» деп атап өтті.

Қауіпті кеселдің таралуын едәуір шектеп, бетін қайтаратын қатал заң керек-ақ. Жасөспірімнің болашағына балта шабатын «вейптер» де – күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құмар ойынға тәуелділік ХХІ ғасыр дертіне айналды. Тіпті, мектеп оқушылары құмар ойына, бас тіге бастады. Көмелетке толған туыстарының атынан тіркеліп ойнайтындар жиіледі. Ресми деректер елімізде шамамен әрбір бесінші жас букмекерлік кеңселерге бас тігетінін анықтаған. Бұл миллионнан астам жас кем дегенде бірнеше рет бас тіккенін көрсетеді. Бұл жайлы Президент Құрылтайда атап өтіп, балалар мен жастардың денсаулығына, яғни тұтас ұлттың болашағына орасан зор зиян келтіріп жатқан «вейптерге» тосқауыл қоюды тапсырды. Бүгінгі таңда Парламентте вейптерді елге әкелген, оны өндірген және таратқан адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін заң жобасы қаралды.

Денсаулық сақтау министрлігі жастар арасында психоактивті заттарды қолдану бойынша үш ұлттық зерттеу жүргізген.

Зерттеу нәтижесі және 25-34 жас аралығындағы жастар арасында темекі өнімдерін пайдалану (53,5%) ең жоғары деңгейге жеткенін анықтаған. Сауалнама нәтижесі әрбір үшінші респондент өмір бойы кальян, буландырғыш немесе электронды темекі тұтығанын, ал әрбір



бесінші адам соңғы айда қолданғанын көрсеткен.

Мамандардың айтуынша, құмар ойындарға кез келген адам тәуелді болуы мүмкін. АҚШ-тың Құмар ойындар проблемалары ұлттық қауымдастығының зерттеуіне сәйкес, кез келген елдің орташа тұрғынының қылмыскер болу мүмкіндігі 6%, ал, нашар болу мүмкіндігі 32%, маскүнем болу мүмкіндігі 34% және құ-

тапты. Бұл жайлы Парламент Мәжілісінде «Ойын бизнесі туралы» заң жобасын таныстыру барысында Елнұр Бейсенбаев атап өткен.

– Өткен жылы бейресми ақпарат бойынша букмекерлік кеңселердің тауар айналымы 1 триллион теңгеге жеткен. Құмар ойындар қазір жылжымайтын мүлік нарығын басып озды. Демек, заң жобасының қоғам үшін өте өзекті және маңызды



Президент тапсырмасын орындай отырып...

екені анық. Қазақстанда құмар ойынға тәуелділік индеттей таралып, ел қауіпсіздігіне қатер төндіруде. Мұның басты себебі – құмар ойындарға оңай қол жетімділік және интернетте ойын сайттарының кең таралуы. Деректерге қарағанда, алдағы екі жылы жылда елдегі әрбір бесінші адам ойын ойнайды немесе құмар ойынға тәуелді. 400 мыңға жуық адам букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиентіне айналды, – деді Елнұр Бейсенбаев.

Қарағандылық мектеп директорының айтуынша, елімізде ересектерден бұрын, жасөспірім құмарпаздарды күштеп, қорқытатын мекеме жоқ.

– Жакында Ішкі істер министрлігі мектеп оқушыларының есірткі бойынша тестілеуге ниетті екенін мәлімдеді. Тексеріп, анықтады. Бұл анықталған мектеп оқушыларын ары қарай не істейді? Бізге іс-әрекеттерде қандай да бір жүйе қажет. Мемлекет оңалту қоғамдастығымен, арнайы дайындалған мамандармен ынтымақтастық келісім-шартына отырып, баламен жұмыс істеуі тиіс, – дейді қарағандылық мектеп директоры.

Ресми органдардың білім ордаларын қоса алып жүргізген зерттеуіне, 2022 жылы елімізде 3 мың 676 адам өз-өзіне қол жұмаса, оның әрбір бесіншісіне құмар ойындарға тәуелділік себеп болған. Өкінішке қарай, бұл дерт қазір әскердегі

жастар арасында да өршіп тұрған көрінеді. Бұрындары сарбаздар арасында суицид сирек болатын. Ауру көрсеткіші төмендегенімен, өз-өзіне қол жұмсау көбейген. Олардың көбі құмар ойынының тузағынан шыға алмай, сұмдық қадамға баруға мәжбүр. 2018 жылы өзіне қол жұмсаған қарағандылық сарбаздың букмекерлік кеңселерге бас тігіп, жиі ұтылғаны және банктерден несие алғаны белгілі болған-тын...

Қарағандылық психолог Тимур Мустафавтың айтуынша, құмар ойындарға тәуелділіктен арылтудың 1 сеансы – 218 000 теңге.

– Тәуелділікке жасөспірімдер жиі ұшырайды. Ұрлық жасаудан тартынбайды, үнемі елге алдап жүреді. Құрбыларынан оқшауланады. Тәуелділік баланы балалық шақтан айырады, денсаулығы нашарлайды. Бірте-бірте оқуға деген қызығушылық жоғалады. Соңы шизофрениямен аяқталады. Қарызға төзе алмай, өз-өзіне қол жұмсайды, – дейді Тимур Мустафав.

Жакында eGov мобильді қосымшасы азаматтардың құмар ойындар мен бас тігуге қатысуын 6 айдан 12 айға дейін өз еркімен шектеуге мүмкіндік беретін жаңа қызметті ұсынды. Алайда, ол ойын ұйымдарының жеке сұраулары арқылы ғана тексерілуін қамтамасыз етеді.

Жастар арасында лудоманияның жойылуын қалайтындар көп болғанымен, кеселді анықтау ресми органдарға қиындық туғызуда. Өйткені, түптеп келгенде, көптеген нашаркорлар өздерінің проблемаларын мойындамайды. Елімізде лудоманияға тәуелділікті анықтау деңгейі төмендігіне бір себеп – осы. Екінші жағынан, Қазақстанда темекі, алкоголь және ойын ойнауға түпкілікті тыйым салынбаған. Мемлекет әлі күнге оларды әлеуметтік тұтыну нарығының көзі ретінде танып отыр.



• ДІН – ДИҢГЕК

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезі – халықтар достығының кепілі

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезіне биыл 20 жыл. 20 жыл уақытта Қазақстан өзінің бірлікке бастар саясатын әлемге мойындатып үлгерді. Астана – азы-көпті жаһандық дауамайларды шешетін диалог орталығына айналды. Осылайша, әлемге бейбіт елдің үлгісін көрсетті.



2022 жылдың күзінде съездің VII шақырылымы өтті. Дәл сол сәтте Қазақстан әлемнің назарында болды. Себебі, бұл кезекті жиынға 50-ден астам елден 100-ден аса делегация қатысты. Олардың ішінде, форумға Рим Папасы Франциск, Әл-Азхардың Жоғарғы имамы Ахмед Мохаммед Ахмед ат-Тайеб, Иерусалим Патриархы III Теофил, Ашкеназдың бас раввині Давид Лау, Израильдің Бас сефард раввині Ицхак Иосифтің және басқа да діни жетекшілер, сондай-ақ бірқатар халықаралық ұйымның өкілдері қатысты. Ислам, христиан, буддизм, иудаизм, индуизм, даосизм, зороастризм, синтоизм секілді бірнеше дін өкілдерін бір дөңгелек үстел үстіне жинаған шара, әлбетте әлем тарихында қалары сөзсіз. Үстел басына жиналған дін өкілдеріне ортақ бір ғана мақсат бар. Ол – барлық адамзатқа ортақ адамгершілік қағидатын насихаттау, тату болу.

VII съезд 4 секциялық отырыстан құралды. Бұл жолы қоғам назарын аударған «Әйелдердің қазіргі қоғамның әл-ауқаты мен тұрақты дамуына қосқан үлесі және әйелдердің әлеуметтік мәртебесін қолдаудағы діни қауымдастықтардың ролі» тақырыбындағы 4 секциялық отырыс болды.

Дәстүрлі дала мәдениетінде қазақ әйелдері өздерінің отбасылық қана емес, қоғам мүшесі ретіндегі әлеуетін өнер-білім саласында, сондай-ақ, қоғам қайраткерлері ретінде көрсетіп, өзінің дамытуға мүмкіндігі болды. Қазақы ортада қарақан бастан

гөрі отбасылық мүдденің жоғары тұруы әйелдердің қоғамдық-әлеуметтік белсенділігіне кедергі болған жоқ: өнер саласында атағы жалпақ жұртқа жайылған белгілі әншілер, ақындар, майталман күйшілер болды. Тарихта болған Болған ана, Домалак ана, Дарабоз ана, Қарқабат ана, Қызы ана, Найман ана, Ұлпан аналар – рулы елдің бүтіндігіне қызмет еткен қайраткер тұлғалар болса, Қарқабат, Абақ, Қызы, т.б. аналар рулы елдің ұранына айналды (Е.Мүсірепов), сол рудың атына негіз болды. Осылайша, қазақ әлімсақтан әйелдің, ананың қоғамдағы ролін жоғары бағалаған деген тұжырым жасауға толық негіз бар. Бүгінде әйелдердің ролі бала тәрбиелеумен, үй шаруашылығын жүргізумен шектеліп қана қоймайды. Содан болар, қазіргі уақытта әйелдердің ролінен бөлек, олардың білім-көкжиегіне қыз бала кезінен аса назар аударылып жүр. «Ұлға білім берсең, сауатты ер шығады, қызға білім берсең, сауатты ел шығады» деген тәмсілдің халық арасында кеңінен таралып кеткені көңіл қуантады.

Демек, бұл өркениетті көшке ілескен қазақ қоғамында да тақырып жөнінде өзгеріс табы байқалады.

Қалай десек те қазақ халқы әйел затын аса ыждақатпен құрметтегенін жокқа шығаруға болмайды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан гендерлік саясатты жүзеге асыру жолында белгілі бір жетістіктерге жетті. Бірінші кезекте бұл әйелдердің мүмкіндіктерін

дамытуда, ер-азаматтар мен әйел азаматтарының еңбек жағдайларының теңдесуі.

Гендерлік теңдік идеясы «Әйелдердің дамуы» атты БҰҰ

2023-2033 жылдарға арналған «Діни лидерлер әділ және қауіпсіз әлем үшін» даму Тұжырымдамасын бекітті.

Бұл Тұжырымдамада астын сызып мән беретін тақырыптардың бірегейі, басымдықты жастарға беру.

Атап айтқанда, съездер бағдарламасында Жас діни лидерлер форумын, сондай-ақ жас рухани қайраткерлер мен зайырлы жастардың қатысуымен басқа да іс-шараларды (секциялық отырыстарды) өткізу көзделетін болады. Жас лидерлерді съезд қызметіне тарту алдағы жылдары өркениетаралық және конфессияаралық диалог дәстүрлерін сақтаудың кепілі болып табылады.

Съездің құрылымдары қазіргі жас ұрпақты толғандыратын мәселелерді шешу үшін халықаралық жастар диалогы мен ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін болады. Съезд құрылымдары дін-аралық және мәдениетаралық өзара түсіністікті ілгерілету мақсатында діни және зайырлы жастар ұйымдарымен, соның ішінде AIESEC, SIFE, Жастар түсіністігі үшін, Халықаралық жастар палатасы, Еуропалық құқық студенттері қауымдастығымен (ELSA) және басқа да ұйымдармен ынтымақтасатын болады. Осы мақсатта Съезд аясында жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен түрлі іс-шаралар өткізіледі деп жоспарлануда.

Съезге қатысушылар жастардың экстремистік идеологиялардың ықпалынан қорғап қалу маңызды міндет деп санайды және жастар ортасында радикализмнің таралуына қарсы тұру кезінде халықаралық қоғамдастықтарға және ұлттық үкіметтерге жәрдем көрсетеді.

Жалпы, бұл Тұжырымдама адамзаттың ең өзекті мәселелерін шешу үшін діни көшбасшылардың күш-жігерін біріктіру арқылы форумның алдағы жылдардағы дамуының жаңартылған көзқарасын ұсынады. Логикалық тұрғыдан, бұл идеяның оң екеніне анық көз жеткізуге болады. Себебі, жеңіс, күш бірлік болған жерде ғана болады.

<https://religions-congress.org/kz/>

**Н.ӨРҒАРА,
Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығының бас консультанты**

• ТАҒАЙЫНДАУ

Өңірде кадрлық өзгеріс

Қарағанды облысы полиция департаментінің жаңа бастығы тағайындалды. Бұл орынға бұған дейін департамент бастығының орынбасары болып жұмыс істеген Негмет Исамағұлов келді. Жаңа бастықты облыстың полиция департаментінің жеке құрамына Ішкі істер министрінің орынбасары Айдар Сайтбеков таныстырды.



Негмет Исамағұлов ішкі істер органдарында 1995 жылдан бері қызмет етіп келеді. Түрлі басшылық қызметтерді атқарған. ҚР Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Қарағанды облысы полиция департаментінің бұрынғы бастығы Санжар Әділов Б.Бейсенов атындағы ІІМ Қарағанды академиясын басқаратын

болады. Аталған оқу орнының ұжымына жаңа бастықты Айдар Сайтбеков өзі таныстырды.

Санжар Әділов ішкі істер органдарында 1999 жылдан бері қызмет етіп келеді. Басшылық лауазымдарда болған. ІІМ Тергеу департаментінің бастығы, 2023 жылдың мамыр айынан бастап Қарағанды облысы ПД бастығы қызметін атқарды.

Өз тілшімізден

• ЖОБА

«Qazaq Culture»

жобасы таныстырылды

Мәдениет және ақпарат министрлігі «Qazaq Culture» жобасын таныстырды. Сайт – елдің мәдени мұрасын насихаттап, ұлттық брендті танытып, тың мәлімет тарататын ақпарат көзі. Сондай-ақ, еліміздің терең тарихына қызығушылық танытатындар үшін таптырмас әмбебап құрал.

**Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Еліміздегі мәдени мұраның сан түрлілігін көрсететін ауқымды жоба БҰҰ-ның алты ресми тілінде және қазақ, түрік тілдерінде ақпарат таратады.

– Сайттың негізгі бөлімі – елдегі, әлемдегі барлық мәдени жаңалықтардан хабарлар ететін жаңалықтар блогы. Бұл бөлімде қызықты фестивальдар, жәрменкелер, конкурстар, сондай-ақ театр қойылымдары мен отандық кинокартиналардың премьералары, танымал және жас жазушылар кітаптарының тұсаукесерлері, көркем көрмелер, мерейтойлық мерекелер, түрлі көлемдегі өңірлік жобалар жарияланады. Сондай-ақ, плат-

формада еліміздің өнері мен мәдениетіндегі соңғы жаңалықтар қамтылатын отандық мобильді қосымшалар туралы ақпарат беріледі, – деді Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми өкілі Эльвира Жүргенбаева.

«Қазақстан мәдениеті жаһандық интелектуалды призмы арқылы бөлімі виртуалды шынайы арқылы барлық өңірлер мен олардың көрікті жерлерін зерттеуге мүмкіндік береді. Порталда ақпараттық технологияларға ерекше мән берілген.

Оған қоса «Qazaq Culture» көрермендерге виртуалды 3D-турлар арқылы Қазақстанның түрлі өңірлеріне сапар шегіп, олардың көрікті жерлерін зерттеуге таптырмас мүмкіндік береді.

Жас өнертапқыштар бір алаңда тоғысты

Кешелі-бүгін (29-30 наурыз) Қарағанды қаласындағы «Жастар» спорт кешенінде балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал ету, техникалық пәндерді меңгерту, білім берудегі робототехниканың мүмкіндіктерін таныту мақсатында «ROBOLAND-2024» IX Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың фестивалі өтіп жатыр. Фестивальдің ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын, облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Серікжанова қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сайысқа 678 оқушыдан құралған 348 команда қатысуда. Сонымен қатар қатысушылар еліміздің облыстары мен қалаларынан бөлек Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Әзірбайжан мемлекеттерінен келді.

**Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»**

RoboLand – Қазақстандағы алғашқы және ірі робототехникалық жоба, техникалық шығармашылық пен жаңа технологиялардың ең ауқымды форумдарының бірі. Бұл сайыс 2015 жылдан бері өткізіліп келеді. 2016 жылдан бастап халықаралық мәртебеге ие болды. Ең алғаш 5 аталым бойынша 30 команда

бақ сынасқан. Фестивальдің ұйымдастырушылары ҚР Оқу-ағарту министрлігі, «Kazdidac» қауымдастығы, Қарағанды облысының білім басқармасы, облыстық оқу-әдістемелік орталығы болып табылады.

– Бүгін тек қана Қарағанды өңірі үшін ғана емес, еліміз үшін де үлкен бір шара өтіп жатыр деп есептеймін. Осымен тоғызыншы рет өзінің байрағын көтеріп жатқан бәсекеде біздің еліміздің



барлық облыстарынан келген командалар және Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжаннан келген қонақтарымыз қатысып, доданың төрін қыздыруда. Кейінгі жылдары Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен IT, робототехника саласына мән беріліп, қолдау көрсетіліп келеді. Жүздеген шаралар, үлкен жобалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі әрі бірегейі – «RoboLand-2024» байқауы. Осы ауқымды шараның бастауында тұрған азаматтарға мың алғысымды білдіремін. Осы шараға уақытын бөліп, арнайы келіп қатысып

жатқан барлық командаларға және ұстаздарға, оқушыларға алғысымды білдіргім келеді. Кезінде Алаштың арысы Міржақып Дулатов «Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу» деген екен. Бүгіндей бәсеке мен білімнің заманында бұл мәселе өзінің өзектілігін жойған жоқ. Сондықтан қадірлі оқушылар, еліміздің ертеңі өзіңіз сияқты білімді, сауатты, мықты азаматтар деп білеміз, –

деді облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын.

Жыл сайын фестивальдің дәрежесі артып, бәсекелестік күшейіп келеді.

Тіркеу мен қорытындылаудың электрондық жүйесі, сондай-ақ тәуелсіз кәсіби төрешілер алқасы өзгеріссіз қалады. Жарыстың бас төрешісі – халықаралық спорттық және білім беру робототехникасы қауымдастығының президенті Максим Васильев.

– Бұл фестиваль осымен тоғызыншы мәрте өткізіп жатқандықтан, үлкен тәжірибеміз бар.




Өйткені мен бұл сайыста бірінші рет бас төреші болып тұрған жоқпын. Фестивальда іс жүзінде өздерінің білім беру процестерінде роботтарды пайдаланатын оқушылар қатысады. Роботтарды өздерінің ұстаздарының көмегімен, нұсқауымен жасап үйренген балалар бақ сынады. Сайыс қорытындылары секундомер қорытындысы мен балл бойынша шығарылады, – деді бас төреші Максим Васильев.

Биылғы жылы финалға қатысушылар 15 санат бойынша бақ сынасты. Сонымен қатар RoboLand Kazakhstan санатына өзгерістер енгізілген. Яғни қатысушыларды шығармашылық санаттағы жаңа тақырыптар күтіп тұр.

«ROBOLAND» фестивалінде оқушылар Robotmouse, роботты жинау және теңге алу, сондай-ақ, жас ерекшеліктері бойынша шығармашылық бағыттағы сайыс, Сумо Grand, Су роботтарының лабиринтті бағыттары, лабиринт және робометрия бағыттары бойынша қатысады.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІГАЛЫМ**



• ҚҰРЫЛТАЙ – 2024

Нұрсахан АХМЕТҚЫЗЫ:

Тарихтан тағылым алу қажет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында Қазақстанның қарыштап дамуын – «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты ұштаған ұғымға сыйғызды. Президент жалпыұлттық құндылықтарды дамыту жайына басымдық беріп, әр қазақстандыққа төл тарихтың ауқымын кеңірек сезінуді ұсынды. Құрылтайда тарих аясында тұщымды ұғымдар айтылды. Осы орайда жастарды тарих ілімімен сусындатып жүрген Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрсахан Ахметқызымен пікір бөліскен едік.

– Нұрсахан Ахметқызы, Құрылтайды көгілдір экраннан тамашалап, іштей қорытынды жасағаныңызды айтып қалдыңыз. Президент Құрылтайда ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты талқылау көбейгенін атады. Қазіргі таңда Алаш көсемдері мен Кеңес заманындағы қайраткерлерді салыстырып, бір-біріне қарсы қою белең алғаны рас. Осы орайда қоғамда Алаш көсемдерін ұлықтау шараларына көңіліңіз тола ма? Өзін қоғам белсендісі санайтын кез келген адам неге Алашқа сын айтатын болады?

– Бүгінгі таңда әлеуметтік желілерде тарихшылар, әдебиетшілер арасында тарихи тұлғалардың тарихтағы орны жайлы әртүрлі пікірлер айтылады.

Алаш зиялылары ХХ ғасырдағы жаңарудың басында тұрды. Олар өздеріне дейінгі тарихи

тұлғалар еңбектерінен нәр алды. Осылайша, ұлы дала демократиясын жалғастырды. Зар заман ақындарынан, Абайдан ең озық ойларды алып, азаттық жолындағы күрестің басқа бір әдіс-тәсілін тандап алды. Біздер – тарихшылар Ұлы дала тұлғаларын жалпы тілде қазақ интеллигенциясы дейміз. Оларды бір-біріне қарсы қоюдың қажеттілігі жоқ. Олардың көздегені – қазақтың азаттығы. Сондықтан, жас ұрпақты тарихтан түңілдірудің, теріс ой тудырудың қажеті жоқ. Біліктегілер Алаш зиялылары жүрген жолмен жүрсе, бүгінгі жағдай әлдеқайда басқаша болар еді.

Алдағы мәселе – өткен тарихтан тағылым ала отырып, Әділетті Қазақстанды адал құру. Президенттің айтып отырғаны осыған негізделеді.

– Сарыарқадағы «Таңбалы тастардың» зерттеу барысына

тоқталып өтсеңіз? Мемлекет басшысы атап өткендей, дала өркениетінің сан мың жылдық шежіресін соңғы жылдары құрылысқа қажет деген желеумен жойып жатқандар баршылық...

– Президент Құрылтайда өркениеттің белгісі – таңбалы тас екенін тегіннен айтқан жоқ. Біздің тарихымыз алдымен тасқа жазылған. Қазақтың тарихы жайлы алдымен тастар мәлімет береді. Тастағы ерекше таңбалардың өзі сол кездегі адамдардың дүниетанымын, мәдениетін көрсетіп тұр. Табиғат пен адамның егіз екенін байқатады. Сондықтан, тастағы тарихты сақтауымыз тиіс.

Орталықта таңбалы тастар өте көп. Қарағанды университетінде «Сарыарқа» археологиялық институтында таңбалы тастарды зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Алайда, демалуға шыққан жастардың таңбалы тасты бояп жүргені де рас. Бұл – тарихқа деген оң көзқарас пен шынайы құрметтің жоқтығынан. Тәрбие жұмыстары мектептен басталып, жоғары оқу орындарында жүргізілуі тиіс. Өкініштісі сол – таңбалы тастардың Арқа жерінде зерттелуіне ұрпақтың сүйіспеншілігі, Отаншылдығы да жетпей тұр.

– Президент «Қазақты бөліп-жаруға болмайды. Біз жалпыұлттық деңгейде ойлау-



ға ұмтылуымыз керек» дегенді ескертті. Алайда, шежірені алға тартып жік-жікке бөлінуі, ата-баба рухына тағзым етуді саясатқа айналдыратындар көбеюде. Тарихшылар бұл тұрғыда не дейді?

– Қазақ баласының шежірені білгені жақсы. Дегенмен, «менің атам ғана азаттық әкелуге үлес қосты» деп бөліп жарудың қажеті жоқ. Сондықтан, шежіре жазарда тарихи деректерге мұқият болу керек. Мысалы, Кеңесарыны осы уақытқа дейін дұрыс бағалап отырған жоқпыз. Кеңесарының игі ісін айтса, «бұлар төрелерді айтып жатыр» деп шығатындар көбейді. Ал, олардың азаттық үшін, ел-жердің қамы үшін жанын беріп күрескенін ескеріп жатқан ешкім жоқ. Біз алдымен тұлғаларды айтқанда, тарихи деректерді алға тартып, оның ел мүддесі жолындағы еңбегін шежіре арқылы үлгі етуіміз ке-

рек. Махамбетті тек Батыс Қазақстан айтады. Оңтүстік өз батырын жырга қосқанды дұрыс көреді. Бұл дұрыс ұстаным емес. Оны жоюдың бір жолы – мектеп оқулығында батырларды, тарихи тұлғаларды дұрыс беру. Ел үшін бірігіп еңбек сіңіргенін көрсету – маңызды. Шежіре – елдің тарихындағы елдікті, тұтастықты білдіретін жүйе.

– Елімізде кәсіби археологтар тапшылығы, археологиялық қазба жүргізу үшін лицензия беру ісінде шешімін таппаған түйткілер бар екені Құрылтайда өткірі айтылды. Қарағанды университетінде археология саласы бойынша маман даярлау ісі қалай жүреді? Облыста қазба жұмыстарына жеткілікті көңіл бөлінген бе?

– Археологияны салыстырмалы түрде жаңа ғылым деп айтуға болады. Жалпы археологияны тек шыдамды жастар таңдайды.

Күннің ыстығында далада жүріп, ыстыққа төзу де оңай емес. Олар қолмен жұмыс істейтіндіктен, ол үлкен күшті талап етеді. Кез келгенге археологиялық зерттеу үшін ашық қағаз беруге болмайды. Бұл отандық ғылымның мүддесі үшін жасалатын іс болғандықтан, «ұстағанның – қолында» кетпегені жақсы.

Қазіргі таңда Қарқаралы маңында Алат кен орнында үлкен археологиялық жұмыс жүреді. Оған Жапониядан арнайы ғалым келіп, экспедиция жұмысына қатысты. Қазіргі таңда Кентгі және Шет ауданының Талды ауылында үлкен жұмыстар жүреді. Студенттер археологиялық практикаға барады. Бүгінгі таңда Виктор Василевич, Дамир Үмбетқалиев, Ерлан Амиров секілді ғалымдардың археологиялық экспедиция бойынша жеңіп алған гранттары бар. Осының өзінен Орталық Қазақстанда археология ісі жақсы дамығанын байқауға болады.

– Қоғамда Елтаңбаға қатысты сын пікірлер жиі айтылуда. Тарихшы ғалым ретінде пікіріңізді білгім келіп отыр? Жаңа Елтаңба жасаудың маңызы қаншалықты?

– Президент Елтаңбаны өзгерту ісі талқыға салынып отырғанын ескертті. Меніңше, Елтаңбаға алып-қосар ештеңе жоқ. Ел айттып жүрген, бес жұлдызды – қазақтың жұлдызын жансын деген сөзімен байланыстырамын. Ал, пырақтарды – тұлпар деп түсінген дұрыс. Қазақстан сөзі – Қазақ елі деп өзгерту де айтылуда. Егер сөзді өзгертсек, онда Конституцияны қайта жазу керек болады. Бұл қаншама шығынды талап етеді. Меніңше, Елтаңбаны өзгертуден бұрын, ұлттық рәміздердің мән-мағынасын түсіндіру жұмыстарын жетілдіру керек. Себебі, билік өкілдерінің арасында ұлтық нышандарымыздың авторларын білмейтіндер де кездеседі. Бұл – үлкен мәселе.

Әрине, бұл – менің жеке пікірім.

– Жан-жақты пікір, салмақты сұхбатыңыз үшін мың алғыс!

Сұхбаттасқан
Аяулы СОВЕТ
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет ашық жердегі көрініс

Отанға адалдық

Ұлт тағдырын шешетін Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысы биыл тарихи өлке – Атырау облысында өтті. Қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасалатын жиында халыққа танымал, беделді тұлғалар ой-пікірлерімен бөлісіп, шешу жолдарын тауып, ортақ байламға келеді. Екі күнге созылған құрылтайда әр өңірден келген Құрылтай мүшелері еліміздің даму бағытын айқындайтын өзекті мәселелерді талқылады.

Жалпы, «Халық сайлаған Парламент те елдің үнін жеткізеді, Құрылтайдың қажеті қанша?» деген сауал тууы – заңды. Белгілі бір салада сарапшы деңгейіне көтерілген тұлғалардың барлығы бірдей Парламентке баруды көздемейді. Президент сондай-ақ, министрлер мен әкімдерді де үнемі қабылдайды, дегенмен, әкімдердің өз шыныдығы бар.

Содан болар, Президент ел ішіндегі жағдайды Ұлттық құрылтай мүшелерінің аузынан естуді күп көреді. Ұлттық құрылтай – елдің үнін Президентке тікелей жеткізетін алаң.

Ел ішінде жүрген азаматтар өңірдегі мәселелерді Мемлекет басшысына өздері баяндайды. Ал, құрылтайда көтерілген мәселелер міндетті түрде назарға алынады. Ұлттық құрылтайдың ерекшелігі – осында.

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда «Өнер, мәдениет, руханият» секциясын Аида Балаева, Азаматтық қоғам секциясын Президенттің көмекшісі Руслан Желдібай жүргізді. «Әлеуметтік-экономикалық және аймақтық даму» секциясын Тамара Дүйсенова, «Білім мен ғылым» секциясына Нұрбек Саясат жетекшілік етті.

Алқалы жиында көтерілген әр мәселе назардан тыс қалмайты-

ны анық. Құрылтайдың бастапқы жұмыс отырысында сауал жолдаған едім. Атап айтқанда, қаңтарда өткен құрылтайдың жұмыс отырысында вице-премьер Тамара Дүйсеноваға жеті түрлі

балалар 1 грамм есірткі таратқаны үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айрылуда. Оларды аптасына шамамен 200 мың теңге көлемінде қаржы табу қызықтырған. Ал, жаза тағайындалғанда баланың алданғаны есепке алынбайды. Ұсталса – жаза қатан.

Сол себепті ата-аналар баласының немен айналысатынын, қаржыны қалай табатынын бақылағаны жөн. Себебі, жас баланы алдап көндіру, мол қаржымен қызықтыру оңай. «Зақладчиктер» ұсталғанымен, шортандар құтылып кетіп жатады. Барлық

Айман Мұратқызы кезінде тергеуші болған, бүгінде зорлыққа ұшыраған балалар мен әйелдерді қорғайтын адвокат. Ол осы санаттағы 40-тан аса іске қорғаушы ретінде қатысқан. Адвокат Президент жанындағы Әйелдер істері және демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның қолдауымен «One-Stop-Service» атты жобаны жүргізіп отыр. Ол зорлыққа ұшыраған әйелдер мен балаларға көмек көрсетеді. Құрылтай барысында ол түрме реформасы қажет екенін айтып, «Қылмыстық-атқару ко-

ұсыныстарын мұқият түртіп алғанын көрдік. Өз сөзінде Мемлекет басшысы бұл ұсыныстарға бірнеше рет тоқталып, Үкіметке тапсырма берді.

Соңғы жылдары мемлекетіміз тарихи әділдікті қалпына келтіруге баса мән беріп отыр. «Төл шежіреміздің ақтайдақ беттерін» ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Мәселен, әйгілі тұлғалар сыйлығын алуды армандайтын Альфред Нобельдің бауыры Атырауда кенсе ашып, мұнай компаниясының негізін қалаған. Досор ауылында Нобель

етеді. Оған швед корольдігі қарсы болғанына қарамастан, Альфредтің немере інісі Эммануил өсиетті орындап, Нобельдің барлық қаражатын қорға аударды. Осылайша әйгілі қор қаражаты жасақталған. Кейін Эммануил Нобельдер құрған компанияға басшы болады.

Сол Эммануил 1911 жылы Гурьев қаласында «Ағайынды Нобельдер» кеңесін ашып, «Елбi» акционерлік қоғамын құрады. Ал, Нобельдердің Қазақстан мұнайына заңды келген күні – 12.05.1912. Ағайынды Нобельдер бұл өңірдегі мұнайдың 37-39%-ын өндірген, 42 ұңғымасы болған.

Яғни, адамзаттың игілігіне жұмсалып жатқан Нобель сыйлығында қазақ мұнайынан да түскен үлес бар!

1911 жылы Нобель тұрған үй әлі күнге тұруға жарамды, жеке адамның иелігінде. Мәдени мұра ретінде қорғауға алынбаған. Бұл елдімекеңде өткен ғасырда салынған жүзден аса үй бар. Барлығында адамдар тұрып жатыр.

Нобельдің қазіргі ұрпақтары мұнай қазған бабалары тұрған үйдің әлі күнге аман екендігін білмейтін де болар. Оларға хабарласса, осы үйді жәдігер ретінде қамқорлыққа алар еді.

Сайып келгенде, Ұлттық құрылтай дәл қазір қажетті, тиімді құрал. Елдің тамырын басып, үні болуға лайықты ұсыныстар айтылды. Қоғамның дамуына үлес қосатын болса, Ұлттық құрылтай өз функциясын тиімді атқарғаны.

Ләззат ҚОЖАХМЕТОВА,
облыстық мәслихат депутаты



Сурет ашық жердегі көрініс

ұсыныс жолдаған болатынмын. Құрылтайдың III отырысында сол ұсыныстарымызға жауап берді. Оның бірі – есірткіге қатысты. Бүгінде 17-20 жастағы

жауапкершілік қылмыс үстінде ұсталған адамға жүктеледі.

Одан бөлек, Ұлттық құрылтайда танымал адвокат Айман Умарова осы мәселені Президентке баяндады.

декті халықаралық нормалар мен біздегі жағдайды ескере отырып өзгертілуге тиіс» деп мәлімдеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Айман Мұратқызының

1911 жылы тұрған үй әлі күнге адамдар тұруға жарамды.

Әйгілі Альфред Нобель көз жұмарда өзі тапқан пайданың бір бөлігін ғылымға жұмсауды өсиет



Жұмыссыздықпен күрес – қарқынды дамуға үлес

Сайып келгенде саналы адамның жақсылық іздеудегі түпкі мәні – еңбек етіп, игілік жарату. Қазіргі күнде кез келген Үкімет үшін негізгі сын-кәтерлердің бірі – жұмыссыздық мәселесі. Қазақстанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жұмыссыздық деңгейін төмендету және азаматтар үшін қолайлы экономикалық орта құру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бірқатар реформалар мен бастамаларды іске асырып жатқан Үкімет қым-қуыт қоғамда тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз етуге мүдделі. Бұл мақалада сіз бен біз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жұмыссыздықты азайтуға бағытталған негізгі реформаларын қарастырып, алғатқан мәселенің төркініне үңілетін боламыз...

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Кәсіпкерлікті қолдау: бір өкініш, бір үміт

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында: «Мен бүгін тағы бір өзекті мәселеге қатысты ойымды ортаға салғым келеді. Біз соңғы жылдары кәсіпкерлікті дамытуға айрықша мән беріп отырмыз. Басты мақсат – елімізді аймақтағы ашық нарықтық экономикасы бар маңызды орталыққа айналдыру», – деп мәні терең мақсат-міндеттерді алға тартты. Мұндағы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» деген тақырып өзегі де тұтас ұлтқа не нәрсені болсын адалынан жаратуды мензегендей.

Мәселен, шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандыру әр кез, әрдайым, әр жерде әрқашан өзекті! Қасым-Жомарт Кемелұлы жұмыс орындарының негізгі көзі ретінде шағын және орта бизнес секторын дамытуға терең мән береді.

Осы орайда, ұлттық буржуазияға зор міндет жүктеледі. Мен ұлттық буржуазия туралы ой-тұжырымды осыдан 24 жыл бұрын Давос экономикалық форумында атап өттім. Бұл жерде ұлттық деген сөз кәсіпкердің

үшін салық және әкімшілік кедергілерді азайту бойынша шаралар кешенді негізде кезең-кезеңімен енгізілу үстінде. Бұл арада Мемлекет басшысы кәсіпке деген көзқарасты түбегейлі өзгертіп, ұлттық сана қалыптастыру қажет екендігін аңғартады. Сонда ғана кәсіпкерлік белсенділіктің өсуіне әрі жаңа жұмыс орындарын құруға негіз бекиді. Тағы да Президент сөзіне сүйенсек:

– Мен Мемлекет басшысы ретінде әрбір мәселені ашық талқылауға дайынмын. Өздеріңізге мәлім, кәсіпкерлерімізбен үнемі кездесіп жүремін. Бизнес өкілдері белгілі бір саладағы саясатты жетілдіруге қатысты стратегиялық бастама көтереді деп сенемін. Олар экономиканың түрлі саласын дамыту туралы нақты ұсыныс айтады деп үміттенемін. Алайда, кейбір кәсіпкерлер алдымен елдің емес, өзінің мәселесін айтып қалуға тырысады. Тіпті, бизнес-жобасына қолдау көрсетуді, өзіне жеңілдік беруді сұрайды. Сол үшін мемлекеттік органдарға тапсырма беруімді өтінеді. Бір сөзбен айтсақ, баяғы, үйреншікті жолымен жүргісі келеді. Өз мүддесін бәрінен жоғары қойып, жеке мәселесін мемлекет есебінен шешуге ұмтылады, –

дейді мемлекет басшысы. Міне, кәсіпкерлікті қолдаудың бір өкініш, бір үміті осы жерде тұр. Мемлекет қамқорлығын сезінген кәсіпкер елдік мүддеден алшақ кетпесе керек-ті.

Білім мен білік

Хош. Не десек те, үйдегі көңіл күйіміз тыстағы нарықтың темірқазық талабына байлаулы. Бұл орайда заманауи білім беру-

ді дамыту және кадрларды сауатты негізде даярлау мәселесі күн тәртібінен түспек емес. Өйткені, ресурс пен инвестицияға, көлік логистикасы мен коммуникацияға қызу талас жүріп, жаһандық бәсеке күшейе түскенін баршамыз сезінгенімізбен, кей уақыт қайран қыла алмай жатамыз. Неге? Себебі, кадрдың қадірі артапай тұр. Халықты оқытудың бірегей бағдарламалары, білім беру және кәсіптік даярлық жүйесін жетілдіруге аса мұқтаж. Кез келген оқыту бағдарламасы еңбек нарығының сұранысы мен қажет-

тілігіне бейімдеу бойынша негізделсе керек-ті. Бұл бұқараның біліктілігін арттыруға және оның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтуға игі ықпал етері сөзсіз.

– Келесі маңызды құндылық – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік. Өз кәсібін өте жақсы білетін, оған әбден берілген, еңбекқор адам ғана табысқа жете алады. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың, әсіресе, жастардың көзі ашық, дүниетанымы кең болғанын қалаймын. «Туған жерге туың тік» дейді

халқымыз. Бұл – өте мағыналы өсиет. Жас ұрпақ бұл сөздің мән-мағынасына терең бойлауы қажет. Қазақстан – барша азаматымыздың ортақ Отаны, кәстерлі мекені. Оның қай түкпірі де – біздің туған жеріміз. Жастар еліміздің барлық аймағын бірдей жақсы көріп, тұтас еліміздің дамуына үлес қосқаны абзал, – деп қайырылады жастарға ел Президенті.

Халықты оқытудың бірегей бағдарламалары, білім беру және кәсіптік даярлық жүйесін жетілдіруге аса мұқтаж. Кез келген оқыту бағдарламасы еңбек нарығының сұранысы мен қажеттілігіне бейімдеу бойынша негізделсе керек-ті. Бұл бұқараның біліктілігін арттыруға және оның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтуға игі ықпал етері сөзсіз.

Ал, жастардың дені лайықты инфрақұрылым мен инновацияға мойын бұрады. Өйткені, әкзер әлем күнбе-күн жаңарып екі көзімізді жаһандық жетістік атаулысымен арбайды. Демек, еңбекке әркімнің ықтиярын құстай ұшыру үшін инвестиция құйылмағы – тағы бір алғышарт. Иә, экономикалық өсуді ынталандыру және жаңа жұмыс орындарын құру үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылым мен инновацияларды дамытуға инвестицияларды белсенді түрде ілгерілетуге күш-жігерін жұмсайды. Бұған көлік желісін дамыту, энергетика, экономиканы цифрландыру, сондай-ақ, инновациялық стартаптар мен жоғары технологиялық салаларды қолдау кіреді. Мұндай инвестициялар экономиканың өсуіне ықпал етіп қана қоймай, көптеген жаңа жұмыс орындарын ашады.

Әлеуметтік масылдықтың әлегі


Жұмыспен қамтуды қолдау және әлеуметтік қорғауға тоқталсақ, асы бағыттағы мемлекеттік бағдарламалар халық арасында масылдық психологияның етек алуына ықпал етіп отырған жоқ па деген күмәнді ойға шырмалатынымыз жасырын емес.

Үкімет Президент басшылығымен жұмыссыздарды оқыту мен қайта даярлауды, жұмыс күшінің ұтқырлығын ынталандыруды және халықтың аз қамтылған топтары үшін жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілерді көтермелеу бағдарламаларын құруды қоса алғанда, жұмысқа орналастыруды қолдау жөніндегі стратегиялық бастамаларды іске асырады. Сонымен қатар, уақытша немесе ұзақ уақыт жұмыссыз қалғандар үшін әлеуметтік қорғау шаралары белсенді түрде енгізілуде.

– Мен облыстарға сапар кезінде жастардың көбі туған ауылынан сыртқа шығуға құлықсыз екенін байқаймын. Менің тапсырмаммен алдыңғы жылы батыс аймақтың жастары үшін 10 мың білім гранты бөлінді. Өкінішке қарай, сол гранттың, грант санын еселеп қысқартуға тура келді. Яғни, жастарымыз қолда бар мүмкіндікті пайдаланбай отыр, – деп қыныжылыс білдірді Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтай отырысында.

Демек, мүмкіндік бар, ықтияр жоқ. Өмір бойы бір жерде, бір ауылда отырған жастардың келешегі және көзқарасы қандай сипатта болмақ?! Айтпаса да, түсінікті. Мұндай масылдық психологиясы салдарынан жастардың бірсыпырасы қазіргі талабы үстем нарыққа қабілетсіз келеді. Мұның соңы әлеуметтік жәрдем-ақыға көз сүзу. Оның арты – белгісіздік құрдымы...

Мәселенің төркінін індеуге отырып, оның өңірлі маңызын да байылап өткен абзал болар. Finprom.kz, бизнес және қаржы туралы сараптама порталының деректері былтыр Қарағанды облысы ел бойынша жұмыссыздық деңгейі ең төмен аймақтар



Реформа – өміршең өзгерістер

қатарына енгенін растаған. Көрсеткіш – 4,2%. Биыл жастар жұмыссыздығы бағытында 4,9 пайызға ұлғаю бар. Жұмыссыздар қатарына заңсыз жалдамалы жұмыскерлер, ресми тіркелмеген

Өңірде

– Жастар кәсіпкерлігін қолдау мақсатында кәсібін бастаймын деген ынталы жастарға 20 грант, 2,5 пайыздық мөлшерлемемен 130 жеңілдікті микронесие берілімек. «Бастау бизнес» жобасы негізінде 1200 адамды оқыту жоспарланды. Еңбек нарығына ең қажетті салаларға бейімдеу үшін 90 адамды даярлау межесі бар. Жұмыссыздықты мейілінше кеміту үшін биылға «Жасыл ел» сарбаздарының ұзын санын 2 мыңға арттыру тапсырмасы тұр. Сондай-ақ, 1,5 миллиондық 10 грант беру ойда бар, – деді қала әкімі Мейрам Қожухов.

Ал, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аталған мәселеге жүйелі көзқарас қажет екендігін атап өтті.

– Мысалы, колледж түлектері ертең қай жұмысқа тұрады? Еңбек нарығында олардың мамандығы бойынша сұраныс бар ма? Бұл мәселемен нақты кім айналысады? Бұған байыппен үңіліп, көрсеткіш көзге көрінерліктей нәтижеге жұмыс жасау керек! – деп айтты, өңір басшысы.

Задында оқуды да, жұмысты да қаламайтын NEET санатындағы жастар үлесі басым, әрі тұтас ел бойынша күрделі түйткіл екендігін естен шығармаймыз. Олардың үлесі былтырғы жылдың қорытындысына сәйкес 10,2 пайызды құрады. Бұл жағымсыз картинаны еснеру мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі отбасының ресурстық сандық картасы жобасын әзірлеген. Бұл базада жыл басынан бері 19 мыңға тарта адам тіркелді. Ендігі кезекте облыс әкімі қаперге салғандай, персоналды әрі атаулы санатты жұмысты жандандыру міндеті қылаңытады. Келесі меже – 13 мыңға тарта жанды жұмыспен қамту. Тек сол жандардың бәрі ықтиярлы болса, деңіз.

Ел Президентінің жұмыссыздық деңгейін төмендету жөніндегі реформалары – кешенді де өміршен. Үкімет те берген уәдесіне бек-бекем. Жобалардың дені экономика мен әлеуметтік саясаттың түрлі аспектілерін қамтиды. Ілкімді шаралар жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ғана емес, сонымен қатар, елдің жалпы экономикалық дамуына және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Кәсіпкерлікті қолдау, білім беру мен инфрақұрылымға инвестициялар, сондай-ақ, жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен осы саладағы табысты саясаттың негізгі құрамдас бөлігі. Тінесілі тапсырма орындалуда. Татымды жемісін теріп жемі, игілікке жетер күн де жақын...

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК




БЫЛТЫР ОБЛЫС ЕЛ БОЙЫНША ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІ ЕҢ ТӨМЕН АЙМАҚТАР ҚАТАРЫНА ЕНГЕН – 4,2%



БИЫЛ ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ 4,9 ПАЙЫЗҒА ҰЛҒАЮ БАР

NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАР ҮЛЕСІ БЫЛТЫРҒЫ ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА СӘЙКЕС 10,2 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАДЫ



КЕЛЕСІ МЕЖЕ – 13 МЫҢҒА ТАРТА ЖАНДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

РЕФОРМА – НӘТИЖЕ – ТАБЫС

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Әбікеннің Астанаға оралуы

19 наурызда Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кітапханасы залында ұлы күйші һәм театр актері Әбікен Хасеновтің өмірі мен шығармашылығына арналған «Әбікен Хасенов және қазақтың күйшілік әлемі» атты алқалы жиын болып өтті. Алқалы жиынға елімізге белгілі ғылым және мәдениет қайраткерлері сондай-ақ театр тарландары мен дәулескер күйшілер қатысты. Атап айтқанда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Түркі дүниесінің жаңғыруына сүбелі үлес қосып жүрген Дүйсен Қасейінов, өнертану ғылымдарының кандидаты Раушан Нұртаза мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші Айтқали Жайымов және өзге де құрметті меймандар.

Келген қонақтар әуелі Әбікен Хасеновтің өмірі мен шығармашылығына арналған арнайы көрмені тамашалады. Көрмені Алматыдан жеткізген, әрі ұйымдастырған Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ Ұлттық драма театрының музей жетекшісі Наргиз Тамабекова Әбікеннің әрбір құжаты мен фотосуреттерін жиынға қатысушыларға таныстырды. Мұнан соң, «Әбікен» кітабының тұсауы кесілді.

Алқалы жиынның алғашқы сөзі Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор Дүйсен Қасейіновке берілді. Дүйсен Қорабайұлы аталған жиынға арнайы баяндама дайындап әкелген екен. Әлемдік һәм қазақтық музыка өнерінің терең білгірі Дүйсен Қорабайұлы күйші Әбікен жайлы ойларын ортаға сала келіп, қазіргі күй өнерінің көкейкесті мәселелеріне де тоқталды. Музыка профессорының бұл жиынға арнайы келіп қатысуы алқалы бас қосудың мәртебесін көтерді.

Дүйсен ағаның баяндамасынан кейін сөз кезегі өнертану ғылымдарының кандидаты Раушан Нұртазаға берілді. Раушан Нұртаза – Әбікен шығармашылығының бір кісідей білгірі екен! Өзі студент кезінде Мағауия Хамзиннің көзін көріп, атақты күйшіден үлгі-өнеге алып, өсиетін тыңдапты. Қарт күйші Раушанды өзінің әсерлі әңгімелерімен, әшекейлі күйлерімен баурап, болашақ ғалымды күй әлемінің сиқырлы сарайына енгізіп кетіпті. Раушанның баяндамасынан оның музыка ғылымының білікті теоретигі екендігі сезіледі. Мұндай білімді маманның ортамызды толтырғанына біз байғұс қадімгідей қуанып қалдық. Дүйсен аға бастап, қалғанымыз қостап-қоштап, ғалым қызға ақ тілекті алғысымызды жаудырдық.

Бұдан кейін сөз алған Сәкен Сейфуллин музейінің директоры, құжаттанушы ғалым Марат Әбсеметов Шет өңірінің күйшілері жөнінде сенсациялық деректерді жайып салды. Архивтік деректердің куәландыруына, Шет өңірінің күйшілері ГПУ жемдеттерімен соғысар алдында аруақты жорық күйлерін қосыла тартып, рухтанып алады екен. Ғалымның айтуынша, бұл майданның ішінде Сәкен Сейфуллиннің әкесі қарт Сейфолла да болған. Ақыры барлығын ГПУ жемдеттері жауыздықпен атып өлтірген. Мұның барлығы архив құжаттарында сайрап жатыр дейді Марат Әбсеметов.

Марат Әбсеметовтен кейін сөз кезегі тиген күйші Айтқали Жайымов ағамыз күй өнеріндегі көкейкесті проблемаларға тоқталып, Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияда кафедра меңгерушісі болған жылдарындағы естеліктерімен бөлісті. Айтқали аға бір сөзінде, сол жылдары консерваторияда Тәттімбет атындағы класс ашылғанын, алайда, бертін келе бұл кластың әлдебір себептермен жабылып қалғанын қынжыла жеткізді. Зор еңбекпен ашылған кластың осылай «сотсыз-тергеусіз» қайта жабылуын күй өнеріне жасалған қастандық деп білеміз, әрі айыптаймыз! Бұндай шешімге қол қойғандардың есімдері анықталып, аты-жөндері күй тарихының «Қара тізіміне» жазылуы тиіс!

Мұнан соң сөз кезегін Тілектес Мейрамов ағамызға бердік. Тілектес аға Әбікеннің театрда ойнаған рөлдеріне тоқталды. Осы күні бізге белгілі боп отырғандай, Әбікен Хасенов Әуезов театры сахнасында қырықтан астам обрарлар галереясын жасаған (дәл саны – 43) және бұл образдардың барлығы дерлік басты рөлдер. Мұның дәлелі – Әуезов театрының музей жетекшісі Наргиз Тамабекова ұйымдастырған көрмеден де көрінді. Фотосуреттер Әбікеннің көп плаңды, жан-жақты, болмысы зор, ойы биік, қырағы, сергек актер болғандығын айқындай айшықтап тұр. Фотодағы Әбікен

сомдаған образдардың көрнектілігі бірінен-бірі өтеді. Егер осы суреттерді Әуезов театры музейінің бір сәрсенінде тығулы жатқан жерінен музей жетекшісі Наргиз Тамабекова мен «Әбікен» кітабының авторы Несібелді Әбдірахманова кездейсоқ тауып алмағанда, біз Әбікен сомдаған образдар бейнеленген бұл фотосуреттерден көз жазып қалғандай екенбіз. Өйткені, аты-жөнісіз папкаға елеусіз жасырылған бұл фоталар ұзақ жылдар бойы әдейі еске-

актері болғандығы да ешбір жерде өз мәнінде жарияланған емес. Тек осы жолдардың авторы 2013 жылы жарық көрген «Жүсіпбек Елебеков» кітабының Әбікенге арналған тарауында ұлы күйшінің сомдаған рөлдерін тізіп шығып, ол ойнаған бірнеше рөлдерге арнайы тоқталып, кейбірін сипаттай баяндаған еді. Міне, сол рөлдердің тізімі бүгін фота айғақтармен дәлелденіп отыр.

Осы орайда көңіл жабырқатарлық тағы бір мәселе бар. Неге осы



Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ:

Күйші Әбікен

Мен елге екі мәселемен келіп өтім. Күні кеше Қарағандыға барып, Тәттімбет атындағы музыка колледжінің екі студентіне Сембек Айдоғұлы атындағы стипендия тағайындадым. Бұл – бір. Екінші, сол Сембек атамның шәкірті, әрі аталас туысы Әбікен Хасеновке арналған іс-шараға қатысуды жөн көрдім.

Әбікенсіз Арқа күйлерін, әсіресе, Тәттімбет мұрасын елестету мүмкін емес. Әбікен талай-тағдай қақтырған күй саңлақтарымен ыңқ тіресіп, күй тартқан бақытты өнерпаз. Дей тұрғаннан XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі зобалаң мен 37-38 жылдардағы қуғын-сүргінді көзімен көрген, тұла бойымен сезінген тағдырлы тұлға. Әйгілі Қыздарбектің батасын алған төл шәкірті деседі көзқарандар. Күй қонған топырақтың түлегі екені, Арқаның үздік күйшілерінің үлгісін көрсені Әбікен күйшілігінен анық байқалады. Әбікен – шертпе күйдің тереңіне бойлап, сырлы күйдің құпиясын саусағының ұшына сақтап, домбыраға тіл бітірген жүректі күйші, теңдесі жоқ суреткер.

Әбікен Хасенов мұрасын зерттеу, насихаттау, әбікентану ғылымының қалыптасуына әкеледі. Ал, әбікентану ілгері басса, күй өнерінің асығы ашығынан түспей ме?! Талай өнерпазға арман болған, көптеген өнерпаздың аңсарына айналған Әбікеннің күйшілік құпиясы ашыла түссе, көшпелі жұрттың гасырлар бойы қалыптасып шығаға жеткен мәдениетімен қауышар еді ғой.

Біз дәстүрлі музыканы қорғау, насихаттау жолында қандай келгенге еңбек етіп келеміз. Өткен гасырдың 90-жылдарынан осы күнге дейін көптеген фестивальдар, ғылыми конференциялар мен концерттер ұйымдастырдық. Тәуелсіздік алаңға дейін мүмкін болмаған, заманы мұрша бермеген көптеген шараны қолға алудың сәті түсті. Әсіресе, ұлт мәдениеті төңірегінде қордаланған мәселелер ішкі етекпен болатын.

Сондай айтулы іс-шараның бірі 2015 жылы Астана қаласында өтті. Ол ICTMD халықаралық дәстүрлі музыка және би кеңесінің 43-ші Дүниежүзілік форумы. Форумды өзін басшылық еткен ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымы, Қазақ

ұлттық өнер университеті, Білім және ғылым, Мәдениет министрліктерімен бірлесіп ұйымдастырдық.

ICTMD – 1947 жылы ЮНЕСКО жанынан құрылған Дәстүрлі музыка мен би жөніндегі халықаралық кеңес.

Дәстүрлі музыкамызды, сол салада қызмет жасап жүрген ғалымдары ICTMD халықаралық ұйымына жақындатудың осылайша жолын салдық дей аламыз. Дәстүрлі музыканы қорамаса, мемлекеттік, тіпті, халықаралық ICTMD сынды ұйымдар арқылы саладағы көкейтесті мәселелерді деген аждаһаға жұтылып кететіндей.

Әлбетте, дәстүрлі музыканы сақтап, қорғау үшін әр халықтың өз ішінен шыққан жанкешті ғалымдар мен өнертанушылардың көмегіне жүгінеміз. Сол себепті біз ұйымдастырған мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі іс-шараларда отандық ғалымдардың назарын дәстүрлі өнерге бұрып, осы саладағы көкейтесті мәселелерді көтеруіне жағдай жасап келеміз.

Бүгінгі Әбікен Хасеновке арналған шара аяқсыз қалмауы керек. Осыдан бірнеше жыл бұрын жазушы Төлен Әбдіктің «Көрші» атты ежажан әңгімесін оқып өтім. Әңгіме Әбікен күйшінің «Қоңыр» күйі жайында. Әбікеннің талантын таныған классикке алғыс айтамыз. Бірақ, Әбікенді әдеби орта, өнертанушы, күйшілер зана танымайды көрінеді. Жаңағы «Көрші» әңгімесін пьесаға айналдырса, немесе, кино туынды жасаса, қалай болар еді? Ол – насихат. Қорыта айтқанда, Әбікен мұрасын тану арқылы өз мәдениетімізге бойлаймыз. Әбікеннің өмірбаянын білу арқылы талай сырды ішіне бүгін жатқан ұлғам заманның кейін танимыз.

Қадірлі достар! Бүгінгі күн мен үшін есте қаларлық оқиға дер өтім. Себебі, консерватория ректоры боп тұрған кезімде дәстүрлі өнерпаздарды оқу орасына шақырып, жас жеткіншектерге айлап сабақ беруін қамтамасыз еткен өтім. Олардың ішінде Мағауия Хамзин, Генерал Асқаров, Төлеген Момбеков, Рысбай Ғабдиев сынды өнер тарландары бар еді. Өнердің өз деңгейінде жалғасуы үшін хас өнерпазды көргеннен артық қандай жолы бар?

Егер, маған Ә.Хасенов өнерін көзімен көрген, онымен ұзақ жыл-

«Қазақфильмнің» фильмография қоржынынан Әбікеннің бұл рөлін таба алмадым. Бұл да бір түсініксіз жағдай.

Әсерлі өткен жиында сөз кезегін алған Әбікеннің жерлесі, журналист Сәулбек Жәменов ағамыз «Қоңыр» күйінің шығу тарихына, күй жайындағы басқа да мәселелерге қатысты өз пікірін білдірді. Сондай-ақ, «Әбікен» кітабына редакторлық еткен филология ғылымдарының докторы Риза Әлмұқанова да аталмыш кітап туралы өз ойларымен бөлісті.

Арасында Әбікен репертуарындағы күйлерге кезек беріліп тұрды.

Мәселен, Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданынан келген 75 жастағы қарт күйші Қалқан Қасымов Әбікеннің «Қоңыр» күйін өзі шапқан қарағай домбырасымен толғана тартып берді. Өзінің айтуынша, ол «Қоңыр» күйін Әбікенше тартып үйренуге аттай жиырма жылын сарп етіпті. Неткен табандылық һәм ыждағаттылық, әрі жауапкершілік десеңізші!

Қарағандыдан келген Тәттімбет атындағы академиялық оркестрінің жетекші күйшісі Болатхан Тәшімов болса, Әбікеннің құстазы Әбдідің «Зар қосбасарын» үңіретті. Әбікеннің «Қоңыр» тәрізді бұл күйдің де жантүршігерлік тарихы бар. 1931 жылы Әбдіді ГПУ жемдеттері қапыда қолға түсіріп, «үштіктің» сотымен тергеусіз атқалы жатқанда күйші: «Көкірегімде сыртқа шықпаған бір сарын бар еді, сол ішімде кетпесін, Әбікенді домбырасымен алдырыңдаршы. Соған бір тартып берейін. Сонан соң атыңдаршы!» – деп жалынды. Жемдеттердің ішінде естілеу біреу бар болса керек, Әбдідің ақтық тілегін орындау үшін Әбікенді домбырасымен алдырыпты. Әбікен алып келген домбыраның құлақ күйін келтіріп алып, бір уақ шерткен соң, Әбді бір тосын күйді тарта жөнеледі. Үнсіз зейін қойып, күйді бар ынта-ықыласымен тыңдап отырған Әбікен күй аяқталған кезде: «Ағке-ай, тағы бір тартыңызшы!» – депті. Әбді бір дүркін тартқан соң-ақ, іле-шала мылтық үні гүре ете қалып, қанға боялған Әбді күйші сол заматта жан тапсырады. Әбдідің бұл күйін Болатхан Тәшімовтен алғаш 1989 жылы естіп едік. Содан бері Болатхан ағамыздың орындауындағы осынау шерлі күйді әркез басымыз қосылған сайын алқа-қотан отырып алып, тыңдауды әдетке айналдырған едік. Болатхан күйші бұл жолы да зар күйінде екен. Тас түйін түйіліп алып, «Зар қосбасарды» зар еңіретті дерсің!

Сонында күй кезегін Қайрат Айтбаев алды. Қайрат – Әбікен дәстүрін жаңылмай жалғастырып келе жатқан өрелі өнерпаз. Бұл жолы ол Әбікен арқылы жеткен Тәттімбеттің «Көкейкестісін» шерлене шертті. Тәтті болғанымыздың белгісіндей, бір уақ тебіреністі күй кешіп қалдық.

Арасында жұрт көкейінде жүрген базына-тілектерімізді де білдіріп отыруды ұмытпадық. Мәселен, бір тұста мен еліміздегі мәдениет пен өнер, жалпы идеология мәселесіндегі қалыптасып отырған ахуалдарға тоқтала келіп, дәл осындай мәдени-рухани дағдарыс кезінде Дүйсен Қорабайұлы ҚР Президентінің Мәдениет саласы бойынша кеңесшісі болса, көп мәселелер шешімін та-

бар ма еді деген тілегімді айттым. Мұныма Дүйсен аға: «Қоғамға осылай қызмет ете жүріп те, көп мәселені шешуге болады» – деді.

Жиын соңына қарай сөз алған Несібелді Әбдірахмановтың әңгімесі 1930 жылдардағы Шет өңірінде болған «Күйшілер қырғынына» байланысты өрбіді. Кітап авторының Әбікен жайына тоқтала келіп, шалак белсенділердің сол кездегі елге жасаған зорлық-қорлықтары жайында ашына айтқандары бәрімізді еріксіз ауыр ойға қалдырды. Атына нәлет, сол нәубетте не көрмеді мың өліп, мың тірілген қазақ баласы!

Иә, жасалған қиянат, жазықсыз төгілген қан, қаныпезерлікпен кісі өлтіру – ешқашан сұраусыз кетпек емес. Оның дәлелі – ұзақ жылдар бойы тарих көмбесінде көмулі жатқан жантүршігерлікпен жасалған сол жойдасыз ауыр қылмыстарды Несібелді сынды жұдырықтай әйел шаң басқан архивтерден аршып алған қариялардың алтын сандық кеудесінен қазып алған. Енді, міне, дүйім жұртқа ашына жайып салып тұр. Өйткені сол қырғында аталары аяусыз атылған, әкелері қорлық көрген. Аман қалғандары жаңұшыра елден ауып, қырғыз асқан.

Несібелдінің айтуынша, атакты Шет қырғынында ГПУ-дің жауыз жемдеттеріне қосылып алып, ел ішіне әңгірғаяқ ойнатқан өңкей шалак белсенді әңгүдік өнерпаздар. Мұндай басыздыққа қарсы бас көтермек болып атқа қонған, қарсылық көрсеткен ел азаматтарымен бірге бейқұн сәбилерге дейін жауыздықпен жандарын қиған, айдай сұлу аруларды зорлап-қорлап айуандықпен өлтірген. Осының бәрі Несібелдінің жұдырықтай жүрегіне шөмен боп қатқан, шер болып шорланған. Өйткені, ол бұл әңгімелерді сол қырғыннан ғайыптан тайып аман қалған әкесі мен апасынан, басқа да қариялардың аузынан қаршадайынан естіп өскен.

Сол естігендерін санасына тоқып, көкірегіне байлап өсіп, ұмытпай сақтап келіп, арада жұртты гасыр өткенде архив құжаттары бойынша дәлелдеп, кітап етіп шығарып отыр. Онысы жазықсыз өлген жандардың құны сұраусыз кетпесін дегендік дейді.

Жөн айтады. Халыққа қарсы жасалған қылмыс пен қиянаттың үлкен-кішісі болмайды. Сондықтан, мұндайдың қандай болсын сұраусыз кетпеуі керек. Қанқұйлы қылмыскерлер, ел несібен жеген жемқорлар арада неше заман өтсе де, аяусыз өшкере-леніп, үштік сотқа: ар сотына, заң сотына, ең бастысы – тарих сотына тартылуы тиіс. Одан қалда ұрпақтарының маңдайына таңба болып басылып, беттеріне қаракүйе болып жағылса, құба-құп. Сонда аты тарих бетіне жазылған мұндай қарабет тұқымға ешкім қыз бермейтін және осындай жүзікара әулеттен ешкім қыз алмайтын болады, әрі мұны көріп-біліп, әрі тарихтан оқып-тоқып өскен өскелең ұрпақ келешек өмірінде қандай жағдайда болсын өз халқына қарсы оқ атпайтын, қылмыс пен қиянат жасауға ары жібермейтін, қолы бармайтын, дәті шыдамайтын болады.

Әбікен күйшіге арналған алқалы жиыннан түйіп қайтқан түймедей тағылым осы болды...

Айтпақшы, бұл мақаланы Әбікен жайындағы жиынның модераторы болған соң егжей-тегжей жазуды парыз көрдім. Өйткені осы күні рухани тұрғыда салмағы зор, үлкенді-кішілі мұндай мәдени жиындар журналистер тарапынан жазылмауға айналды. Жазылған күнде де үстірт қана сүйкей салынатын болып жүр. Өйткені, қазіргі журналистерімізде мұндай күрделі тақырыптарға тереңдеп бара алатын өре кемшін, білім таза. Бұған журналистік ынтаның да жоқтығын қосыңыз. Оның үстіне, қазіргі кейбір бас редакторларымыз бағындай қарамағындағы тілшілеріне тапсырма беріп, талап қоя білмейді. Осындай себептермен қазіргі БАҚ мұндай рухани мәселелерге аса назар аудармайтын болып алған.

Ерлан ТӨЛЕУТАЙ,
өнертанушы

• ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Түнделік

*Күнделік жазып қарық қылмаған пақырыңыз, Түнделік жазбақысы. Қабыл алыңыз. 18260-шы түннен бастабым. 50*365=18250 екен, дә... Айтпақысы, 50 деген келген жасым, 365 деген бір жыл ғой. Он күн асырып бастап кеттік. «Түнде не болушы еді?» десеңіз, қа- телесесіз. 21-дан басқа түс көруге де, түнде өмір де болады екен... Ал бастаймыз!*



18 260-шы түн
Футбол ойнап жүрміз. Қорғаушымын. Доп алдыма келеді, тебе алмаймын. Кейде жүгіре алмай, бір орында митықтаймын. Аяғым доп тиген бетте, ысқырық, 1 тайм бітті. Сол уақытта оянып кеттім. Ашық қалғанмын ғой, мұздап қалыппын. «Бәсе, осыдан екен ғой, доп тебе алмай қиналғаным» деп қоямын. Көртеге қымтанып алып, бой жылып, маужырай бастадым.
«2 таймда қатырамын» деген оймен қайта ұйықтап кеттім...
Ойынның жалғасы болған жоқ...

18 261-ші түн
Жиналыс өтіп жатыр. «Здравствуйте, дорогие друзья! В дальнейшем буду говорить нам всем понятном языке...» деп алып, үлкен жиын өткізіп жатқан ағамыз: «Өздеріңіз білесіздер, жер де, тіл де, діл де қазақтікі! Еліміз, жеріміз жасасын!» деп қазақша сөйлей кетті, бәріміз ду қол шапалақтай жөнелдік.
Әнұран орындалды. Көздерінен жас аққан қазақтар ғана емес басқа ұлт өкілдері де жүректеріне қолын қойып, қосыла шырқап жатыр.

Малшына ояндым. Тер судай аққан екен... «Мә, түске де кірмейтін нәрсе жоқ екен-ау, бір орыс отырса, жартылай қазақша, ал, олар екеу болса, былдырласа та, «слошайте, што у нас в городе где...» деп сайрай жөнелетініміз есіме түскенде, түсіме кірген жұрттан ұялдым...
18 264-ші түн
18262 мен 18263 түндері не болғаны есімде жоқ. Тойға бардық. Әйелім санымды шымшып отырған. Басында төмен қарап отырдым. Әрі қарай, айтпай-ақ қойсам да болар. «Ал давай» шашып тастапты...
18 265-ші түн
2023 жыл екен. Яғни, биыл, ауылда жүрміз.Төрт мектеп бар. Әр мектепте бес жүз бала оқиды. Мұғалімді құдайдай сыйлайды. Арасында мен де бармын. «Құрметті ұстаздар, айлығымыз екі миллион. Күзде мектепке оралғанда тағы бес жүз мың қосылады» деп директор сайрап тұр...
Ауыл әкімі де мәз ғой, «Бүгін бізде үл-

кен той. Ауылымыз аудан орталығы болады» деп.

Киіз үйлер тігілген, арасында жастар атқа мініп, табақпен ет тартып жүр.

Оянып кетпесім бар ма? 50-60 үйі қалған, кезінде бір сыныпта (а, б және орыс класы деп бөлінетін) 50-60 бала оқыған қайран ауылмын есіме түсіп...

Аман болсақ, түнделіктің жалғасы болады...

Аман болсақ, түнделіктің жалғасы болады...

Аман болсақ, түнделіктің жалғасы болады...

Аман болсақ, түнделіктің жалғасы болады...

Аман болсақ, түнделіктің жалғасы болады...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ



• ШЫМШЫМА ШУМАҚТАР

ҚЫЛТИ
Қылти қылтиып жүреді.
Онсыз да
Қу сүйегі көрінетін денесіне,
Кнім біткенді тыртыстырып
Жабыстырып киіп ап,
Тылтиып жүреді.
Кейде ыржиып жүреді,
Кейде тыржиып жүреді.
Кейде бұртиып жүреді,
Кейде аузы дүрдиіп жүреді.
Кейде дүңкиіп жүреді,
Сонда да, тау қопарып,
Тас қашап,
Бірдемені төңкеріп
Бітіріп тастағандай
Күмпиіп жүреді.
Тылти қалай жүрсе олай жүрсін,
Өзіне жарасатын қылығы болып
Басқаға да қарай жүрсін.
Әй, тылти, тылти
Қылығың жынды, и.

Ортаға билеуге
Сақалы белуарына түскен
Ата шықты.
Онмыен қоймай,
Бір кемпірді сүйреп,
Билеуге икемдеп
Өзіменен бірге ала шықты.
Дей алмаймыз дара шықты
Немесе ортадан
Бір әбестеу ала шықты.
Заманына қарай дей көрер
Жарасыпты.
Артында атаның
Кемпірі де билеуге шықты,
Әжемзі де «биші» екен мықты.
Онмыен билеген
Көрші отырған шал да
Биді жандырды,
Отырғандардың
Айызын қандырды.
Сол сәтте бұрыла беріп
Кемпірімен билеп жүрген шалды
Көріп қалған ата,
Шалды бір періп қалды.
Оны көрген жұрт

Шалда да қызғаныш
Болады екен деп,
Іштерін басып
Күлкіден өліп қалды.
Атаның қылығын
Дей алмаймыз «бұзық» болды.
Десек те сырт қарағанға
Біртүрлі оғаш қызық болды.

КӨКІ
Көкі, Көкі десе көкі
Көкке қарап жүреді,
Бетінде бесбатпаңғып жағып алған
Жақпа-далап жүреді.
Бірдемені қарық қылмаса да,
Қараңғыны
Жарық қылмаса да,
Бір іске беріліп
Жанып тұрмаса да,
Көкі көкіген қалпы,
Жүргені жалпы.
Қайырлы болсын арты.


Бекәділ СЕМҚҰЛ

АТАНЫҚЫ ҚЫЗЫҚ БОЛДЫ
Той қызып жатқан,

• ДЕГЕН ЕКЕН...

Суды өзің тасисың

Қалалық «Теміртау» газетінде жұмыс істеп жүрген кезіміз, бірде белгілі журналист Серікгүл Алтайбаева апай «соцкаладағы» ауыз су проблемасы туралы мақала жазбақ боп, фототілші Ақботаға:
– Трамвай паркінің жанындағы бұлақтың маңы үнемі судың кезегінде тұрған жұртшылыққа толы, біздің үйдің қасы болғандықтан менің шалым да суды сол бұлақтан тасиды, кезектің көптігі сонша, күнде бір-бір жарым сағаттан соң ғана келеді, сен сол ұзын-сонар кезекті суретке түсіріп келе ғой, – деп тапсырма берді.
Ертеңінде Ақбота:
– Апай, айтқан жеріңізге барсам, кезекте бар болғаны үш-ақ адам тұр екен, суретке олай да, бұлай да түсірдім, бірақ судың кезегінде тұрған жандарға ұқсамайды, міне, өзіңіз көріңізші, – деп түсірген фотоларын апайға көрсетіп жатыр.
– Апай, сонда сіздің шалыңыз күнде бір-бір жарым сағат қайда кетеді? «Судың кезегінде тұрдым» деп сізді алдап жүрген шығар, үйіге барған соң «Біздің қыздар да суға баралы екен, онда сен айтқандай ешқандай кезек жоқ, міне, дәлел» деп суретті көр-



сетіңіз, – дедім мен әңгімеге араласып.
Сонда Серікгүл апай:
– Өйтпін айтсам «Ендеше, сенбесең өзін бар, суды өзің тасисың» дейді ғой маған, – деді шынын айтып.

Қашып кетпеңізші

Бір күні редакцияға газет жанапшыры, тұрақты оқырман келіп, «Құрыш қаланың» нағыз оқитын газет болып шығып жатқанын айтып, сүйсініп, Серікгүл апайдың қолына көрмдікке деп тұтас он мың теңге ұстатты.
– Қыздар, шай шейік, мен дүкенге барып бірденелер алып келейін, – деп Серікгүл апай киініп жатқан еді. Сонда Қарлығаш:
– Апай, әйтеуір он мың теңгені алып, қашып кетпеңізші, деді әзілдеп.
Қыран-топан күлкіге қарық болдық, өйткені, жеті ай бойы бір тыын жалақы алмай тегін еңбек етіп жүрген кезіміз еді.



Бейнеті – біздікі, зейнеті – сіздікі

«Құрыш қала» газетінің енді шыға бастаған кезі, жұмыс қауырты, редакцияға күнде қаланың белгілі ақсақалдары келіп, әңгіме-дүкен құрып тұрады. Майталман металлург Жанас Арысов ағамыздың 70 жылдық мерейтойы қарсаңында ақ тер-көк тер болып, барымызды салып, газеттің екі бетін арнап, жанталасып жатқанбыз. Газеттің сол санын алған ақсақалдар «Біз тойға кеттік» деп өте шықты. Арада көп уақыт өткен жоқ, тағы бір ардагер металлург Әскербек Ауғанбаевтың 70 жылдығына да айқарма бет бердік. Газет қолына тиген ақсақалдар «Біз тойға кеттік» деп өздері тағы кетті. Сонда мен:
– Мәссаған, мына ақсақалдарға қара, бейнеті – біздікі, зейнеті – сіздікі болды ғой, бізді неге тойға ертіп бармайды? – дедім.
Қыздар ду күліп жатыр.
Руза АЛДАШЕВА, Теміртау қаласы

Жымиып еске аламыз жылы жүзін

1 сәуір – Күлкі күнінде «Орталықтың» оқырмандары екі талантты сатирикты сағына еске алып, газет бетінен жазбаларын іздейді.
Бірі – «Орталықтың» өз мүлгеі, «Қазақ әдебиеті» газеті ұйымдастырған жабдық бәйгегінің Оспанхан Әубәкіров атындағы сыйлығының иесері Базарбай Әлеуханұлы, екіншісі – сатирик, ұстаз Мартбек Тоқмырза. Екеуі де тіршіліктегі серуенін доғарып, мәңгілік мекеніне аттанған.
Бүгін Күлкі күніне орай әзірленген әзіл-оспақ отауында Базарбай ағаның екі әңгімесін жариялағанды жөн көрдік. Марқұмның жылы жүзін жымиып еске алайық...
РЕДАКЦИЯДАН.

Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫ

Қара қоян келеді
Он бір жыл өтіп барады, қояндардың қырылысып жатқанына. Бұлар да бірнеше жүзге, түрге бөлінеді екен. Сұр қояндар сұңқылдап жатыр: «Келер жылды өзіміз басқарамыз. Қанымыз таза. Жанымыз таза. Адамнан бұрын жаратылғанбыз», – деп.
Ақ қояндар да қатты кетіп отыр: «Біздің жолымыз. Жан-жануарға біздей аңқылдаған адал, жайлы жыл болған емес», – деп.
Мұндай саяси тартыстардан көпшілік біле қоймайтын алапес қояндар, қызыл көз қояндар, қайқы бас қояндар және тағы басқалары да шет қалған жоқ. Олар сұр қояндарды да, ақ қояндарды да жетпіс жеті атасынан боқтап, өздерін ұсынып жатты. «Боқтау туралы шу шықса, кешірім сұрай саламыз ғой», – дейтін көрінеді. Бабаларының бірнеше рет жүт әкелгені, қырғын әкелгені естерінде жоқ.
Бұл әңгіме үй қояндары – кроликтердің де мазасын алып бітті. Ағайындардан келіп-кетіп жатқан жансыздар: «Кімді қолдайсыңдар? Ашығын айтыңдар!», – деп, зірк-зірк етеді. Зәресі ұшқан кроликтер адамдардан көргенін істеп, күнде төрт-бес рет жиналыс өткізеді. Қолдан келгенше бір-бірінің миын жейді. Өздері әбден қажыды. Көздері алақандай болып жүдеп кетті. Құлақтары ұзарып жерге жетті. Биттері торғайдай болып, түнімен тыр-тыр қасынатын болды.

– Балдарын шақырыңдар! Алып кетсін. Бұлдірмей тұрғанда. Әйтпесе, тамақ бермеймін!

Асаба мәз. «Пәлен жайл партия-сәвет қызметкері болған қайынағандың астын бір сұртсеңіз ештеңе етпесе», – дейді. Қонақтар да күліп жатыр.

– Тізе ауыстыратындарың бар ма?
– Тіс деген бітті. Протез салатындарың бар ма? Насыбай ағудан қалдық.
– Көзді жөндеуге қалайсыңдар?

Осы кезде әкім бала келіп, бұл кісілердің тарих ғылымының докторлары екенін хабарлады. Ауылдың жалғыз оппозиционері Темірбай мектептің тарихшылары мен әкімдік аппаратын емдеп кету туралы ұсыныс енгізді.

– Бәрібір доғдыр екенсіздер ғой. Бұл ауыл Қазақстанның өз еркімен Ресейге қосылған күнінен бастап, әлі күнге дейін пионер, комсомол күндерін тойлайды. 9-шы мамырда ауылдың кәрі-жасы екіге бөлініп рогаткімен аттасыды. Кемпір-шал «нарком» арағына тойып алып, түнімен жатпайды. Қызыл әскер күнін, милитса күнін атап өтеді. 7 ноябрь күні ата-бабасы тіріліп келгендей жатып ішеді. Менен басқалары... Әсіресе, пионерлер күні ауылдың шетіне алаулатып от жағып, түнімен айнала билейді. Ағаш керек болып, өткенде Қарғабайдың атшанасын, арбасымен қоса отқа тастапты. Кейінгі кездері Валентин деген қулы іздеп жылап-сықтап жүргендері. Әсіресе, қыз-келіншектер.

«Хейлуен» деген той сәтті жалғасуда. Сол күндері жын-шайтанның маскілерін киіп алып, түнімен елдің есін тандырады. Кемі екі шалдың немесе бір кемпірдің жүректері жарылып өледі. Керендер мен соқырлар ғана тірі жүр. Ұлттық тәрбие қайда?! Онсыз да отыз жылымызды жемқорлар дей ме, жалмауыздар дей ме, біреулер жеп бітірді ғой. Іле ағатты адамдардың аттарын атап, түрлерін түсетеді. Зәреміз кетті. Ғалымдардың да өңдері қашып, қозғалақтап қалды.

Әдеттегідей ұшасқобый келмегенде, Темкен ауылдың ұры-қарылары мен арақ жасап сататындары туралы, айтуға болмайтын шаруаларды жайып салатын еді. Ия, Темірбайға бәрібір. Сырттан біреу келсе, аузына келгенін оттай береді. Солар түзеп кететіндей. Аанада, облыстан өкілдер келгенде әбден масқарамызды шығарған. «Ауылдағы алты ұрының үшеуі – әкімнің іні-балдыздары, екеуі – ұшасқобыйдың туған інілері», – деп. Ұяттан жұрдай. Әйтеуір, келген бастықтар жақсы екен. Қарқылдап күліп, қоя салды.

Темкенді тұтқындап әкеткеннен кейін табақ тартылды. Ет туралығана, ғалымдар сұрақтарға жауап бере бастады. Олар жағдайдың жылдан жылға жақсарып келе жатқанын, отыз жылдың тарих үшін түкке тұрмайтынын, космостық есеппен бір жарым сағатқа тең екенін тәптіштеп түсіндірді.

«Аз уақытта арабтарды басып озамыз», – деді көзі ежірейтін біреуі. Темкеннің көршісі Аюбай мұғалім: «Біз космоста емес, ауылда тұрамыз ғой. Және ешкіммен жарыспай-ақ қойсақ...», – деп әңгімені көбейте бастап еді, әкімнің алдын ала берген тапсырмасы бойынша, бәріміз арадай жабылып, талап тастадық.

Бұ кезде отырған жеріміз мектептің дәретханасындай боқ сасып кетті. Бұрынғы партия-сәвет қызметкері, бір дөкейдің осындағы ұлан-ғайыр жайлауының атқарушы деректірі, әрі штаттан тыс шпионы Егінбай шал бұтына жіберіп қойыпты. Жалмандап кәрі қойдың жамбасын жәукемдеп отыр еді. «Астым жылып кетті», – деп қояды. Көріңде өкіргірі... Бұған бәлен деуге ешкімнің жүрегі дауаламайды. Қырсықса, бір-екі сиырың мен оншақты қой-ешкінді жайлымға жібермей қояды.

Түк сезбегендей, демді ішке тартып, табакқа қол салдық. Әкімнің аты әкім ғой, «Есік-терезені ашып қойыңдар!», – деп, шұғыл тапсырма берді. Сөйтіп, тұншығып өлуден аман қалдық. Әкімге рахмет! Елдің жағдайын жақсы біледі екен. Жақында сайланып еді...

– Бір ауыздан дауыс береміз. Алаңдамаңыздар! – деп доғдырлардың да көңілін көтеріп қойды. Сонымен, саяси бір іс-шара сәтіммен аяқталды. Қауқылдасып қолташып жатырмыз. Аюбай ғана үнсіз. Екі иығы салбырап, екі көзін жерден алмай кетіп барады. Түбі Темкенге қосылып, оппозиционер болатын шығар.

Болса – болсыншы...

Бетті дайындаған Ж.ШАЛҚАР

«Жолдың жайын жүрген білер»

Жауыртауда жауыр болған, жұлым-жұлымы шыққан тақырыптың бірі – жол. Көзі бардың күмәні көп, көлігі бардың көңіл күйі жоқ дерсіз. Тонмен бірге асфальт та еруі алғаш емес.

Теміртау қаласы әкімдігінің мәлімдеуінше, биыл орталық жолдың бірі – Металлургтер даңғылында күрделі жөндеу жұмыстары басталады. Жоба бойынша Амангелді көшесінен Республика даңғылына дейінгі жол жабынын толық ауыстыру көзделген. Жөндеу жұмысы 2 жылға созылады. Сондықтан, осы жазда даңғылдың сол жағын ғана ауыстырады.

«Жобалаушылар қиылыстарда оң жақтағы өткелдерді, көтерілген жаяу жүргіншілер өткелдерін, дренаждық науаларды, рельсті көлікке арналған резеңке бордюрлер қамтамасыз етіледі. Жасыл аймақта балалар ойын қалашықтары, спорттық, заманауи street workout алаңдары және жарықтандыру орнатылады.

Жобаны іске асырудың ерекшелігі – көптеген коммуникациялардың болуында. 2023 жылы әкімдік №3 жылу магистралінің учаскесін толығымен ауыстырды, даңғылдың толық ұзындығы бойынша өтетін су құбырын ауыстыру және 2, 5 және 7 шағын аудандардың жылу тұтынушыларының



бес кіреберісінің үшеуіне күрделі жөндеу қажет.

Конкурстық рәсімдермен мердігер – «Көкшетауавтодор» фирмасы анықталды», – деп мәлімдейді Теміртау қаласы әкімдігінің ресми сайты.

Аталған компания қазіргі уақытта жер жұмыстарына қажетті ордерлерді рәсімдеп, жөндеуге

тастүйін дайын отыр. Жұмысты жылтыту маусымы аяқталғаннан кейін бастайды. Ал, 2024 жылға

арналған жолдарды орташа жөндеу бойынша қалада алғаш рет ведомстволық сараптама нәтижелеріне конкурс өткізілуде. Бұл әлеуетті қатысушылар тарапынан үлкен жеңілдіктерді қолдану фактілерін жояды (5% - дан аспайды).

Сонымен 2024 жылы орташа жөндеу жүргізілетін жолдар қатарында Республика даңғылы (Ме-



таллургтер даңғылынан теміржол вокзалына дейін), 5 шақырым, Қарағанды көшесі («Қарағанды-Теміртау» автожолынан Бейбітшілік даңғылына дейін) 2,6 шақырым, С.Сейфуллин көшесі (Бейбітшілік даңғылынан Республика даңғылына дейін) 1,5 шақырым, Абай көшесі (Теміртау көшесінен Сарыарқа көшесіне дейін) 1,34 шақырым, Бейбітшілік даңғылы (Бауыржан Момышұлы даңғылынан Қарағанды көшесіне дейін) 1,4 шақырым, Құрылысшылар даңғылы (Мичурин көшесінен Ушинский көшесіне дейін) 1,75 шақырым, Чернышевский көшесі (Абай көшесінен Сарыарқа көшесіне дейін) 1,15 шақырым, Қарағанды көшесі (Республика даңғылынан Мичурин көшесіне дейін), 0,64 шақырым, Қ.Аманжолов көшесі (Амангелді көшесінен айналма жолға дейін) 1,4 шақырым, Западная көшесі, 0,56 шақырым, Северная көшесі, 0,97 шақырым бар.

Әділет ШОПЕН

ӨЗЕКТІ

Шахталарға да шара қолданады

Шахтинск – кеншілер қаласы. Мұнда қазіргі Qarmet, бұрынғы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның төрт бірдей кәсіпорны – «Шахтинск», «Гентек», «Қазақстан» және Ленин атындағы шахталары орналасқан. Еңбек және өндірістік қауіпсіздікті сақтамаудың салдарынан алдында Ленин атындағы, өткен жылы «Қазақстан» шахталарында қаншама адамның өліміне соқтырған апатты жағдайлар болған еді. Ал, бұл кәсіпорындарда санитарлық-эпидемиологиялық жағдай да мақтарлықтай емес. Ол әлі де жақсарту тәуелі талап етеді.



Сурет шыққан кезеңінен

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Міне, осы мәселені Шахтинск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары да жіті бақылауда ұстап, оларға тексерістер жүргізіп, кемшіліктер анықталған жағдайда тиісті шара қолданып отырады. Осы басқарманың қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің бас маманы Нұрәулет Қарасартовтың хабарлауынша, 2023

жылы басқарма қызметкерлері жоғарыда аталған 4 шахтаға жалпы сомасы 16 560 000 теңге көлеміндегі айыппұл салған екен. Бұл айыппұлдар оларға өндіріс орындары мен әкімшілік ғимаратында тазалық пен санитарлық нормалардың сақталмай, бұзылғаны үшін салынып, өндіріліп алынған. Биыл да басқарма мамандары бұл тексеріс жұмыстарын жалғастыруда.

Шахтинск қаласы

КЕҢЕС

Жолды Қоғамдық кеңес қадағалайды

Жақында өткен Қарқаралы аудандық Қоғамдық кеңесінің отырысында бірнеше мәселе талқыланды. Негізгі проблеманың бірі жолдың жайы болғандықтан, отырысқа арнайы шақырылған «Қазавтожол» мекемесінің пайдалану және жол қозғалысы қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Әлібек Аманжолов пен «Қарағанды жолдары» мекемесінің басшысы Мәди Дадиев те қатысты.

Шынында да, аудандағы жолдардың басқа мәселесін айтпағанда, кейінгі уақытта Қарағанды-Қарқаралы республикалық жолымен ауыр машиналар, ондаған тонна қиыршық тас тиелген жүк көліктері жиі қатынағанын білеміз. Солар былтыр ғана жөндеген жолды қайтадан баяғы ойдым-шойдым қалпына түсірмей ме деген алаңдаушылық бәрімізде де бар.

Сөйтсек, лауазымды тұлғалардың айтуынша, қиыршық тас Ақжол ауылына апаратын жолды жөндеуге тасымалданған екен және ол кезде қыс айы болғандықтан жердің тоңы қалың, жолға залал келе қоймайды-мыс. Ал, қазір тасымалдау жұмыстары тоқтатылған.

Дегенмен, Қарағанды бағытындағы 110-шы мен 163-ші шақырымдар арасындағы биыл жөнделетін елу шақырымнан астам аралыққа материалдар әлі де тасымалдануда. Яғни, бұл дегеніңіз былтыр жөндеу жұмыстары аяқталған жерден Ащысуға дейінгі жер. Материалдар жеткізілмесе, жол жөндеуіне кешірімсіз. Сондықтан, бұл мәселеге көпшілік түсіністікпен қарағаны абзал.

Сайлау Әліұлы бастаған Қоғамдық кеңес мүшелері жол мамандарына барлық жол

жөндеу жұмыстарының барысы жіті бақылауда болатынын ескертті.

Қоғамдық кеңестің отырысында, сонымен қатар, аудан әкімінің орынбасары С.Ахмеддиннің көктемгі су тасқынының алдын алу шаралары туралы, Қарқаралы қаласының әкімі А.Рахымбергеновтің қала мерейтойын атап өту, қаладағы саулет жоспары, тарихи ескерткіштерді қорғау, қаланың ауызу, көріз жүйесі, жылу, абаттандыру мәселелері туралы мәлімдемелері және М.Әдекенов атындағы Қарқаралы ауыл шаруашылығы колледжінің директоры С.Оспановтың мамандарды даярлау бойынша есебі тыңдалды.

Бұдан бөлек, отырыста Нұркен, Қайнарбұлақ, Қаракөл, Уғар, Қаршығалы және Тегішділік ауылдық округтерінің әкімдері су тасқынының алдын алу бойынша әзірліктерін баяндады.

Кеңес отырысының қорытындысында барлық қаралған мәселелер бойынша ұсыныстар айтылып, ортақ шешімдер қабылданды.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ

Қарқаралы ауданы

Еске алу

Бауыр етін – балаң теңін тапқан соң, қызыңды өз елінде құшақ жайып қарсы алатын, саған жанашыр достай әрі сырласыңа айналатын аяулы жандар – құда мен құдағи. Алла бізді осыдан 7 жыл бұрын сондай аяулы жандармен жолықтырып, жұрағат қылған еді. Қаражал қаласының тұрғыны болған, жайсаң жанды Мәлікке құдағиымыз қапияда мәңгілік мекеніне аттанып кетті.

Егер ортамызда жүргенде, сәуір айының 2-ші жұлдызында 59 жасқа толар еді. Өткен жалған дүние...



Жарқырап жүруші едің, жайнап әркез, Тіліңнен майда, бал боп тамып әр сөз. Той жасап, әр сөбіге, қуанып тым Сезгендей кетеріңді?! Өтті ме көз?!

Шырылдап, жар, бала деп бабын таптың, Қамын жасап кеттің бе болашақтың? Үлкен-кіші демедің, құрақ ұшып, Жат, жақынмен сыйластық шамын жақтың.

Қамкор жан бар ма өзіндей балаларға, Басады сағынышты қалай ғана? Жаратқан қабіріне нұрын төкпін, Аяулы жан құдағи, асыл ана.

Еске алушылар: Сәтбаев қаласынан құдасы Токтар мен құдағиы Қалау.

№90

В соответствии с пунктом 10 статьи 25 Закона РК «О естественных монополиях» и пунктом 291 главы 7 «Правил осуществления деятельности субъектами естественных монополий» утвержденных Приказом Министерства национальной экономики РК № 73 от 13 августа 2019 года, ТОО «AlemGaz» уведомляет Вас о том, что ежегодный отчет о деятельности предприятия по предоставлению регулируемых услуг перед потребителями и иными заинтересованными лицами состоится 30 апреля 2024 года в 12:00 в здании офиса ТОО «AlemGaz». Адрес: ул. Г.Потанина, строение 125/1.

№74

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген, Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес, «Карэнерго LTD» ЖШС-нің электр энергиясын беру қызметіне шекті тариф пен тарифтік сметаны бекітуге өтінімін қарау бойынша жария тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

Жария тыңдау 2024 жылғы 10 мамырда сағат 11:00-де, Қарағанды қаласы, Абай көшесі 8, 3 қабат, 41 каб., сонымен қатар Facebook әлеуметтік желісі (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>).

Жария тыңдауға қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, табиғи монополиялар субъектілері шақырады.

Департаменттің байланыс телефондары: 8-(7212) 41-18-27, 41-34-24.

«Карэнерго LTD» ЖШС-нің байланыс телефоны : 8 (71036) 78-04-80.

ДЕНСАУЛЫҚ

Көкжөтел балаға қауіпті

Соңғы деректер аймақта 66 адамның көкжөтелмен ауырғанын көрсетеді. Науқастар Қарағанды, Саран, Теміртау қалаларында, Бұқар жырау, Шет, Абай, Қарқаралы аудандарында тіркелген. Мамандардың айтуынша, ауырғандардың 98,3%-ы, яғни, 59-ы – 14 жасқа дейінгі балалар.

Көкжөтел қоздырғышы жөтел және түшкіру арқылы таралады. Онымен кез келген жастағы адамдар ауыруы мүмкін. Десе де, ол жас балаларға қауіпті. Көкжөтел инфекциясына туа біткен иммунитет болмайды, сондықтан, науқаспен байланыста болған баланың инфекцияны жұқтыруы ықтималдығы жоғары.

Алдымен балада жалпы суықтың белгілері пайда болады, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Юрий Залыгин. – Мұрыннан су ағу, температураның көтерілуі, Бірте-бірте жөтел күшейіп, приступ тәріздес жөтелге айналады. Қатты жөтел кезінде мидағы қан айналымының бұзылуы, оттегін жетіспеуі пайда болады. Нәтижесі психиканың бұзылуына және әртүрлі дәрежедегі ақыл-ой кемістігіне алып келуі мүмкін.

Өз тілішімізден

• ДЗЮДО

Балғын балуандар бәсекесі

Қарқаралы қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде дзюдо күресінен жасөспірімдер арасында «Қарқаралы» спорт клубы мен «Абадан» спорт академиясының ұйымдастыруымен Artsport group ашық турнирі өтті.

Жарыстың ашылу салтанатында қатысушыларды аудан әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев пен «Абадан» спорт академиясының президенті Нұрлан Қалтаев құттықтап, жас балуандарға сәттілік тіледі.

Турнирге Қарағанды, Теміртау қалаларынан, Бұқар жырау, Абай, Қарқаралы аудандарынан және Абай облысының Қайнар ауылынан барлығы 18 команда қатысты. 2011-2016 жылдары туған ұлдар жасына қарай үш топқа бөлініп, жеті-сегіз салмақ дәрежесінде күрессе, 2011-2014 жылдары туған қыздар екі топта бес салмақ дәрежесі бойынша белдесті. Жан-жақтан келген 250 жас балуан қатарынан үш кілемде күш сынасты.

Жарыс қорытындысы бойынша, жалпы командалық есепте бірінші орынға Қарқаралы ауданының командасы ие болды. Теміртаулықтар екінші, Бұқар жырау ауданының командасы үшінші орынды еншілеп, Абай ауданы мен Қарағанды қаласының балуандары үздік бестікке енді.



Осынау додаға арнайы дайындықпен келіп, барын салған балуан ұл-қыздар бәрі бірдей жүлде алмаса да, тәлім алып, тәжірибе жинап қайтты. Балғын спортшы үшін оның өзі аз олжа емес. Күні ертең ел намысын қорғайтын спортшыға жол ашатын, намысын қайрайтын осындай сайыстар мүмкіндігінше жиі өткізілгені абзал.

Болатбек ӘШМҰЛЫ

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

• ЖАҢА КІТАП

Туған топырақтағы тұсаукесер

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы Мүгілсім Шибаева осы өңірде туып-өскен. Өмірінің 46 жылын туған жерінің мәдениетін өркендетіп, соның отыздан астам жылында аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімін басқарған ол биыл 70 жасқа толып, өзінің өмірбаяндық «Тағдырым, ризамын саған!» кітабын жазып, баспадан шығарған болатын. Соған байланысты оның туған топырағында осы туындысының тұсаукесері өтті.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұқар жырау ауданының орталығы Ботақара кентінің Мәдениет үйінде өткен бұл шараны аудандық орталықтандырылған кітапхана ұжымы ұйымдастырып, әдіскері Майгүл Асқарова жүргізіп отырды.

Автор бұл кітабында туған ауылы Семізбұғы, ата-анасы, туыс-туғандары, әріптестері туралы тебірене толғанып, ұзақ жыл мәдениет саласында атқарған жұмысының жетістіктерімен және кезіккен қиындықтарымен бөліседі. Бұған Мүгілсім Ғұбайдоллақызының өзі жайлы айтылған пікірлер мен мақалалар топтастырылып берілген екен. Қарағанды қаласындағы «Тенгри» баспасынан 150 данамен жарық көрген бұл кітапты құрастырып, шығаруға ардагер журналист Аман Жанғожин көп еңбек сіңіріпті. Ол өте тартымды безендіріліп, өте жылы оқылады.

Сол күнгі тұсаукесерге арнайы келіп, мерейтой мен кітап иесіне сый-сияпаттарын жасаған аудандық мәслихаттың төрағасы Асхат Әлиев пен аудан әкімінің орынбасары Арман Дардақов та мұны ерекше атап

өтті. Әсіресе, Асхат Әлиевтің «Бұл кітап бір адамның өмірі ғана емес, аудан мәдениетінің жарты ғасырлық тарихының жылнамасы деуге болатын құнды еңбек» дегені оған берілген баға іспетті.

Бұл пікірді сахна төріне шығып, осы рәсімнің себепкерін құттықтағандар да қоспап, ыстық лебіздерін білдіріп, оның құшағын гүлге толтырды.

Жоғарыда аталған Майгүл Асқарова жасаған сценарий бойынша Мәдениет үйінің фойесіндегі көрме, сахна экранынан көрсетілген бейнебаян мен бір кезде Мүгілсім апамызбен бірге еңбек еткен әріптестері Луиза Энс пен Луиза Вайганттың Германиядан, Виктор Шевчук пен Любовь Кисильдің Ресейден жолдаған сәлемдері мен жүрежарды тілектері көпшілік көрермен көңілін қатты толқытты.

Тұсаукесер үстінде автор аудан кітапханаларына 40 кітабын сыйға тартып, жеке тектік құжаттарын аудандық мұрағатқа мемлекеттік сақтауға тапсырды.

Бір айтарлығы, бұл жолы халқымыздың салт-дәстүрлері жаңғыр-

тылып, орнымен көрініс тапқаны қуантады. Мәселен, биыл 9 сыныпты бітіріп, кітапханашының оқуына түсуді мақсат тұтқан шешенқаралық Анар Адамбайға Мүгілсім апасының ақ батасын беруі, қасиетті Рамазан айына орай Байқадам ауылы өнерпаздарының Жарапазан айтуы мен аудандық Мәдениет үйі қызметкерлерінің залда отырған халайыққа ауызашар дәмін ұсынып, таратқандары жарасымды болып тұрды.

Жалпы Мүгілсімді тәлкекпен атымен емес, жас кезінен «Сәуле» дейді. Себебі ол жүрген жерінде сәулесін төгіп, шуағын шашып тұратын жан. Сондықтан да оның «Сарыарқаның Сәулесі» атанғаны қашан... Сол қабылеті мен күш-жігерінің арқасында ол қазір де Қарағанды қаласындағы Достық үйінің мұражайында тынбай тер төгуде. Сол сезіммен ол тұсаукесері ән айтумен бастап, оны да әсем әнмен аяқтап, жерлестерін тағы бір сүйсініп, тәтті қылды. Олар да кітап тұсаукесерінің құрметіне ән мен күйден шашу шашып, аянып қалмады.

Бұқар жырау ауданы
Суретті түсірген автор

• ТЕННИС

Қарағандылықтар жеңіс тұғырында

Алан Құрманғалиев тағы да ерледі. Ол Бейрут қаласында өткен «WTT Youth Contender» деп аталатын турнирде топ жарды. Жерлесіміз Қазақстанның қоржынына байрақты бәсекенің алтын медалін салды. Теннисші 17 жасқа дейінгі жеке категорияда жоғары нәтиже көрсетті.

Дәл осы кезде қарағандылық теннисшілер Алматыда өткен Қазақстан чемпионатында да қара үзді. Жарыс 2009 жылы туған және одан кіші спортшылар арасында өткен еді. Қарағандылықтар командалық турнирдің финалдық матчтарында қарсылас шак келтірмеді. Ұлдар да, қыздар да алтыннан медаль тағынды.



• ФУТБОЛ

«Шахтер» жаңа легионермен толықты

Қарағандылық «Шахтер» клубы камерундық жартылай қорғаушы Артур Бугнонмен толықты. 23 жастағы камерундық футболшы мансабында 62 матч өткізіп, 3 гол соққан.

23 жастағы камерундық бұған дейін Тәжікстан чемпионатында өнер көрсетті.



• БОКС

Боксшымыз жарады

Қарағандылық боксшы Талғат Сырымбетов халықаралық турнирде алтын медаль жеңіп алды.



Қазақстандық спортшылар Бакуде (Әзірбайжан, 23-28 наурыз аралығында) өткен «Ұлы Жібек жолы» біріншілігінде өнер көрсетті. Жарысқа 11 елден 121 спортшы қатысқан еді.

Бұл турнирде Қазақстан жеті медаль жеңіп алды: үш алтын, екі күміс және екі қола. Чемпиондар қатарында болашағы зор біздің жас боксшымыз Талғат Сырымбетов (60 келі) те бар.

Айта кетейік, жалпыкомандалық медальдық есепте Қазақстан үшінші орынға ие болды. Әзбекстан құрамасы бес алтын, алты күміс және бес қоланы қанжығалап, командалық есепте көш бастады. Қазақстан құрамасы Ресейден озып, турнирде екі алтын медаль алды.

Дайындаған
Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер ашық дереккөзден

• ФУТБОЛ

Қола – қолда

Футболдан U-12 жас санатындағы ұжымдар арасында үздіктер анықталды. Кестеде Ресей мен Қырғызстан командалары бар. Мәселен, «Спартак» (Ресей), «Дордой», «Абылай-Ата», «Илбирс» және «Дордой-Плаза» (Қырғызстан), және Қазақстаннан «Астана», «Қайрат» клубтары. Сонымен қатар, қарағандылық «Шахтер» де жүлдеге таласты. Қоржында қола!



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық команданы баптаған Михаил Лермонтов пен оның көмекшісі Тимур Насыров турнирге қатысты пікір білдірді.

– Бұл турнир біз үшін зор мәнге ие. Өйткені, ойыншылар қыста манежде ғана дайындалды. Біз онда 8+1 форматтың ойыны алмаймыз. Мұнда толық өлшемді алаң бар. Турнирге тыңғылықты дайындалдық. Мәскеулік «Спартакпен» ойнадық. Додаға қатысу арқылы кемшіл тұстарымызды да, ар-

тықшылығымызды да аңдай алдық. Жалпы, біздің жігіттер жақсы өнер көрсетті, – деді команда жаттықтырушысы Михаил Лермонтов.

Турнирде «Спартак» жеңіске жетті. II орынды «Қайрат» иеленді. Жұлделі орынның тағдыры шешілген ойында «Шахтер» «Дордойды» жеңіп, турнирдің қола жүлдегері атанды.

Сондай-ақ, қарағандылық ойыншы Қанат Әлішер «Үздік қорғаушы» деп мойындалды.

Турнир қорытындысы бойынша Қазақстан чемпионатының бірінші турының құрамы айқындалатын болады.

• ГИМНАСТИКА

Лицензия қоржында

Жерлесіміз ерледі! Қарағандылық гимнаст Данил Мұсабаев биыл Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарында ел намысын қорғайды. Лицензиялар сарапқа салынған Әлем кубогі Германияның Котбус қаласында өтті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Данил Мұсабаев Олимпиада ойындарына алғаш рет қатыспақ. Сонымен қатар, батуттық гимнастикадан Қазақстанның алғашқы лицензиясы. Осылайша Данил Мұсабаев еліміздегі батуттық гимнастиканың деңгейін Парижде көрсетпек.

– Халықаралық гимнастика федерациясы олимпиадалық лицензияларды жеңіп алған елдердің тізімін жариялады. Тізімде Қазақстан да бар. Бұл – Данил Мұсабаевтың жеңісінің арқасында келді. Қарағандылық саңлақ Париж Олимпиадасында өнер көрсетеді! Жолдама қоржында. Енді тек жеңіске жету қалды, – деді Қазақстанның бас жаттықтырушысы және батут гимнастикасынан спортшының жеке тәлімгері Сергей Вертякин.



ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБИДА

Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Прозеркс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Оскарлов: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіннің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyq.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KСJВK2KХ БИН 000840001412

Таралымы 5 485

№ 35 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Аяулмын СОВЕТ